

А 2015

3611 к


Жүрек сөзі



А 2013/3617 К

Маркиза БАЗАРБАЙҚЫЗЫ

ЖҮРЕК СӨЗІ



© Базарбайқызы М., 2014

ISBN 978-601-7220-90-3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ

УДК 821.512.122
ББК 84(5Қаз)-5
Б16

Авторы
МАРКИЗА БАЗАРБАЙҚИЗИ

Аннотация

Ғасыр тоғысындағы қоғамдық формациялардың ауысып, адамдық құндылықтардың орны алмасқан аласапыран алмағайып заманда өмір сүрген мүгедек анадан туған ұлдың өлемдік жарыстарда су спортынан чемпион атануы, ержетуі, ел азаматы болып қалыптасуы туралы жыр кітабы.

Спорт –ерліктер мектебі.

Кітап жалпы жыр сүйер қауымға және жасөспірімдерге арналған.

Алғы сөзін жазған
Бауыржан Жақын

Базарбайқызы М.
Б16 **Жүрек сөзі: Жыр кітабы.** — Алматы, 2014. –128б.

ISBN 978–601–7286–90–3

УДК 821.512.122
ББК 84(5Қаз)-5

ISBN 978–601–7286–90–3

© Базарбайқызы М., 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Маркиза Базарбайқызының өлеңдерімен бұрын да таныспын. Автордың бірде-екілі жыр кітаптары қолыма тиіп, парақтап, қарап шыққанмын. Ол кісінің жаңа кітабының қолжазбасын оқып шығып, өз пікірімді қосуды жөн санадым.

Кітаптың өн бойында алтын тін сияқты қазақы салт-дәстүріміз арқау болған үш бөлімнен тұратын жыр кітабы жүрекке жылы әсер етеді. Бірінші бөлімдегі «Уылжиды жүрегім» атты шығарма тұтас поэма деуге болады. Мұндағы өз құрсағынан жарып шыққан перзентінің алыс шет елге барып, азамат атанып, өз мемлекетінің туын биік желбіреткеніне қуанған мүгедек ана бейнесі, ата-ана сенімін ақтаған ұлдың образы сенімді бейнеленген. «Спорт – ерліктер мектебі» деп жыр толғаған автор ел егемендік алып, етек-жеңін жинай бастаған қиын кезеңде қалыптасқан ұрпақ туралы төгілдіріп жазған екен. Кейіпкерін мүгедек анадан туғызып қиындықты тіпті еселеп жіберіпті. Сол кездегі ел басындағы жоқшылық, материалдық емес-ау, арнамыс тапшылығы қалам ұшына ілініпті. Секталардың қаптауы, жаңа ашылған қазақ сыныптарындағы қилы кедергілер, самсаған базарлар, жалаң ғана ұлтын сүйген жүрегімен спортты құр қол өркендетпекші болған қазақ бапкерлері – бөрі-бөрі бар. Чемпион ұлдың азамат болып жетілу сатылары кезең-кезеңімен сурет болып көз алдыңнан өтеді. Ана махаббаты сізді уысынан шығармайды. Жүректің елжірегенін көріп едік, автор сол жүректі уылжытып қойыпты. Ананың балаға деген махаббатын жүрегің уылжымай қабылдауың мүмкін емес. Мұндағы ана жүрегінің асқан мейірімін көріп қуанасың.

Бірде хат, бірде ана жүрегінің толқыныс-тебіренісі, бірде бала қуанышы сияқты әдеби тәсілдермен автор өз ой-сезімін айқын жеткізе алған.

Бұл бір жағы өлеңмен жазылған өмір күнделігі іспеттес. Сәбидің дүниеге келуінен бастап, оның тәй-тәй басуы, мектепке баруы, пәтерсіз қазақтардың, ата-анасының күйзелісі, баланың спортпен шұғылдануы, алғашқы жеңісі,



биікке бастаған баспалдақтар, жүз сексен споршының ішінен бірінші орын алуы, шетелде Иран елінде жеңіске жетуі – осының бәрі ана жүрегінен шыққан жыр болып өріледі.

Ұлы да, қызы да болған жалғыз перзентін балапан кезінен мөпелеп өсірген ана махаббатын көріп, ерекше сезімге бөлендім. Өрине өлең техникасына орай кейбір кемшіліктер болғанмен де, ана жүрегінен жарып шыққан жыр жолдары табиғилығымен баурап алады. Ол сонысымен де мағыналы, сонысымен де құнды. Өсілі поэзия табиғилықпен егіз. Автор осы жағынан ұтады. Ақын бұл оқиға, жайттың бәрін өз басынан өткергені көрініп тұр. Поэмадағы «Ар деген не? деп сұрақ қойған ұлыма» деген тұсынан үзінді оқып көрейік:

Сен бақыттың құнын түсін, алтыным.
 Өмір деген той емес қой шалқып өтер алты күн.
 Нені аңдасаң
 Соның бәрін жию емес қолыңа,

Дүние деген қолдың кірі,
 Ой-қиялдың соры да!

Арлы болу: қандай қиын күн туса да
 Қорғап қалу ар атын
 Барлығынан биік қою
 Арман,
 Мақсат,
 Мұратын!

Арлы атану-
 Жан-жағына жүрек нұрын тарату,
 Алтын күннің кірпігіне
 Алтын ойлар жалату.

Міне бұл Маркиза Базарбайқызының жалт еткен жақсы ойларының көрінісі іспеттес.

«Жүректегі Алматы» атты екінші бөлімде бірнеше өлеңдері топтастырылыпты. Мұнда балаларға арналған өлеңдер де, ересектерге ой салатын жырлар да бар. Кейде ұйқас, буын, бунақ, көркемдік сияқты қазақ өлеңіне тән ерекше-

ліктерде кемшін тұсатын тұстар да кездеседі. Бірақ осының бәрін жазып отырған өмірге ғашық, дүниеге іңкәр, Алматы қаласының әр көшесі, әр үйіне құрметпен қарайтын Ана екендігін көргенде, кешіріммен қарайсың. Мұндағы әр өлең Әйел-Ана жүрегінің лүпілінен, ой-сезім бұлқынысынан туған.

«Баба сөзі жүректе» атты бөлімдегі Тонькөк, Төле би, Оспан батыр, Салқам Жәңгір, Қаракерей Қабанбай, Қажымұқан, Қайрат Рысқұлбеков сияқты тұлғалар туралы жазбалардың да жас ұрпаққа берер тағылымы мол.

Қаламды өміріне серік еткен, дүниеден түйген ойларын жырмен жинақтап, өлеңмен өрнектеген Маркиза Базарбайқызына көп адам сезіне білмейтін шығармашылық ләззатын тілеймін! Жазар көбейсін!

Бауыржан Жақып

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның
корреспондент мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы
басқармасының хатшысы, ақын



ФАМИЛИЯСЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Азаттық туын қолға алып,
Егеменді ел атанып,
Қызметіне халықтың
Кірістік іске шаттанып.

Газет аптық ел үшін,
Елін сүйер ері үшін,
Ұланын мақтан ететін
Ата мекен жер үшін.

Ой-сананы тазалап,
Арман-үміт жаңалап,
Қолға ұстар шырақ болғай деп
Атадық атын «Азамат».

Селт еткізер жаңалық
Компьютерден қарадық,
Жарқ ете түсті көзге бір
Көтерген жігіт ту алып.

Иран. Репт қаласы
Күрек тісі ақсып,
Ту көтеріп қасқып
Тұр екен қазақ баласы.

Фамилиясы қазақша
Қазақ па, әлде басқа ма?
Жылы ұшырап кетті ғой
Спорт жайлы паракша.

Мақтан кернеп кеудені,
Қойсаңшы бұл пендені?
Сұп-суық су спорты
Жылы шырай бергені.

Төрт алтынды олжалап,
Қазақтың даңқын шығарған.

Жеңісіне ұлының
Мұндағы елі қуанған.

Ата-ананың ғана емес
Елінің ұлы атанған.
Көреміз деп сенеміз
Ең алдыңғы қатардан.

Өсе бер, Дәурен шыңдалып.
Су спортын қалаған
Қазақ інің көп болсын
Жеңісіңді біз жырладық.
Өсе бер Дәурен шыңдалып.

(Газеттегі мақаладан)



Бірінші бөлім

УЫЛЖИДЫ ЖҮРЕГІМ



ТІРІМІН!

(Мүгедек ананың қуанышы)

Тірімін. Тірімін. Тірімін!
 Перзентті ананың бірімін.
 Қарашы, аяғым сал емес.
 Кейін қап, қорқынып, бар елес.
 Тәуекел қайығын мінген ем
 Бақытты мендей жан бар емес!

Дәрігер «өлесің» деген-ді.
 Табиғат заңы деп, көнгем-ді.
 Өлсем де, перзентім өскенде
 Анам деп еске алсын дегем-ді.

Өлімнің есігін төрт рет
 Қақтым да, өмірге оралдым.
 Сөбиім, перзентім – арманым,
 Сен үшін өлмеген болармын.

Тірімін. Тірімін. Тірімін.
 Ұл тапқан ананың бірімін!
 Күн күліп иегін қағады.
 Қуанып мен үшін барады.
 Табиғат мейрімін төгіп тұр
 Сен үшін, мен үшін, қарағым!

Жиылмай езуім күлемін,
 Соғып тұр, соғып тұр жүрегім.
 Өзге сөз құлаққа кірмейді.
 Ұлым бар! Жалғыз-ақ, білерім.

Қарашы, ақ таңды қарсы алдым!
 Келеді өлемге жар салғым!
 Ұлым бар, жарандар, қарандар!
 Өлімнен қорықпас қайсармын!

Тірімін. Тірімін. Тірімін!
 Ұл тапқан ананың бірімін!
 Өмірді жалғадым. Арманым.
 Сондықтан иықты, ірімін. Тірімін!



СӨЗ ЕМЕС

Күлкісіз күндер ме? Көп емес.
Ұйқысыз түндер ме, сөз емес!
Сәбилі болғалы, жаным-ау
Қиындық дегенің түк емес!

Себебі мен саған керекпін.
Себебі сен маған керексің.
Тезірек ер жетіп, құлыным,
Анаңды бақытқа кенелтші.

Өзгесі сөз емес, сөз емес.
Қиялың, әншейін бос елес
Ана мен баланың сезімі
Өмірді жалғаған бір белес!

Сәбиім болмаса не етер ем?
Өмірден түнліп кетер ем.
Құр сөзді сапырып, сапырып
Өмірден белгісіз өтер ем.

УЫЛЖИДЫ ЖҮРЕГІМ

Анасын байқап, танып қап,
Жылап жатыр бөбегім.
Көргеніне анықтап
Уылжиды жүрегім.

Ақ мәмесін қағып қап
Уілдейді бөбегім.
Қылығына қарық боп
Уылжиды жүрегім.

Түсінде өзі шалықтап
Күлімдейді бөбегім.
Қиялым көкке шарықтап
Уылжиды жүрегім.

Тістеп емшек ұшынан
Бетіме қарар бөбегім.
Қытығым кеп қысылам
Уылжиды жүрегім.

Ақ мөмесін сорғанда
Алпыс екі тамырым
Түгел иіп, бөбегім
Уылжиды жүрегім.

Үніме құлақ тосатын
Көзімен іздеп бөбегім.
Жан-жүйемді босатып
Уылжиды жүрегім.

Иісің жұпар аңқыған
Талпынасың бөбегім.
Мұрынымды көміп алқымға
Уылжиды жүрегім.

Қол-аяғың пешкенде
Керілесің бөбегім.
Еңселі бол өскенде
Уылжиды жүрегім.

Мына жарық жалғанда
Таянышым, тірегім.
Қылығыңа мөз анаң
Уылжиды жүрегім.

ТӘЙ-ТӘЙЛАП

Іңгөлап өмірге келгенде,
Дүние құлпырды бір демде.
Бір арман құлағын қылтитты
Өзіңді, құлыным, көргенде.

Ұмтылдым мен өмір сүруге
Үйрендім шаттана күлуге.



Таяқты былай ап, сенімен
Тәй-тәйлап кәдімгі жүруге.

Сен менен, мен сенен ұстандық.
Оянды өмірге құштарлық.
Адымдап содан соң кеттік біз
Арманды алдағы тұспал ғып.

СЕРМЕК ҚАЙНЫМ

Жеңеше, сіздерді іздеп елден келдім.
Кір жуып, кіндік кескен жерден келдім.
«Ұл туды» деген хабар естілген соң
Бауырымды көрмекке келген едім.

Жас сәби неткен ғажап керім еді.
Ерінін бүрістіре уілдеді.
Қол-аяғын байлаудан босатқан соң
Қара маған дегендей керіледі.

Адамды жетелейді арман-үміт.
Қайнымға риза болдым естіп тұрып.
«Сирағы ұзын екен, – деді қайным.
Болады дәл өзімдей бойшаң жігіт!»

Қайным-ау, аузыңа – май, астыңа – тай!
Жақсы сөзге жан семіріп қалғаның-ай.
Қалқамда бой да болсын, ой да болсын
Қамқоршысы болса екен Аллаһ ұдай.

ДӘРІГЕРДІҢ ҮКІМІ

«Жүрмейді – деді дәрігер
Жеті жасқа келгенше!»
Айтты. Біздер әбігер,
Жүрек ұшты өлгенше.

Тірі өлдім ғой, ботам-ау,
Естіп осы үкімді.

Жылап-жылап, ақыры
Белім қатты бекінді.

«Жолын айт деп сауығу –
Алқымынан аламын, –
Жетім бала үйіне
Тапсырмаймын, қарағым!»

Не десе дәрігер соны істеп
Түн ұйқыны төрт бөлдім.
Екпе, массаж, бұлауды
Бұлжытпай бөрін өткердім.

Он бір айға толғанда
Төй-төйлады бөбегім.
Бөбегім-ау, күнім-ау,
Бөрін саған беремін.

Махаббатты аналық
Мейірімменен төгемін.
Өмірімнің бөрін ал,
Саған бөрін беремін.

Өзім күлем. «Тіме көз, –
Айтқан болам өзіл сөз. –
Еңбектеуге жер тапшы,
Тап-тар пәтер болды кез.

Диван, төсек. Еңсіз жол.
Тартып тұрған жөні сол.
Қалт-құлт басты аяғын.
Тар пәтерім болды қол!»

Деймін күліп өзгеге.
Қуаныш қой сезгенге.
Өтемі қайтты еңбектің
Ал, қалғанын сөз деме!

Құлыным-ау, күнім-ау,
Жүгіріп кет құлдырап.
Мен тұрайын сүйсініп
Мақтанышпен қол бұлғап.



ПӘТЕРШЛЕП-ИТШЛЕП...

Заңы қызық акимат
Жатақхана бермейді.
«Ауруыңның заты сол –
Жұқпалы» деп тергейді.

Үй кезегі тағы жоқ!
«Ауыратын сүйек қой:
Туберкулез сүйектен
Жұқпайды. Оны біліп қой!»

Деп саусағын шоппайтып,
Өрлі-берлі қуалар.
Баспанасы болмаса
Адам қайтіп тұра алар?

Қол-аяғың балғадай
Больш өспі, жарығым.
Білім де бар, іс те бар.
Тек көңілден арыдым.

Пәтершіге кез келдік.
Ата тегі – Черный.
Біз тұрған үй – жер төле,
Өз тұрғаны – керім үй.

Кемпірі мен екеуі
Ұлым, қызым бар дейді.
Екеуі бірақ «жалғыз» боп
Үкіметтен нан жейді.

«Жалғызбасты көрі» деп
Акимат алған қамқорға.
Жолын тапқан кісіге
Бұдан оңды «ой» бар ма?

Үйін өктеп жуамын.
Қосымша шарт осы еді.
От жағып, қар күреуім
Өмір сүру салты еді.

Күнде қиқу үйімде
Черный атам екпіндеп
Есік теуіп кіреді
Ашуланып, селкілдеп.

«Соғыстым мен ел үшін,
Қызыл қаным төгілді!»
Сыйлар едік сөзінді
Мінез болса соғұрлы.

Түске дейін айқайлап,
Мүккамалды лақтырар.
Кері тасып кешкісін
Кешірім сұрап отырар.

«Контузия алдым» деп
Балағаттып, боқтайды.
Қарсы жауап болмаса
Өзі шаршап тоқтайды.

Ол кіргенде бұрқырап
Сөбиімді құшамын.
Мейлі бөрін лақтырсын,
Жон арқамды тосамын.

Көрпе, жастық, кесе ме
Сынса, қарай қоймаймын.
Өдіре қалсын дүние,
Тек бөпемді қорғаймын.

Он үйім бар дейді өзі,
Бұтқа толып, мақтанып.
Көңілденіп көрсетер
Көне альбомды ақтарып.

«Калбит қазақ, ит қазақ
Кет, қаламнан кет!» – дейді.
Болып алдық біз мазақ.
Боқтық сөзі бітпейді.



Есіргені -ай «атамның»
Ол – қожайын, біз өгей.
«Қаңғырған ит» – қазақтар
Бастық солар – Гүргерей!

Үй тапқанша шыдайсың.
Пәтершісің, амал не?
Өз жеріңде өгейсің
Оған істер шараң не?!

ҚАРА, ҚАНДАЙ «ЖҮЙРКІШ»

Жүз-ақ метр үйімнен
Балабақша арасы.
Жауған қардың ақ мамық
Үлпілдеуін қарашы?
Бөленіп ақ арайға
Алматым тұр албырап,
Жүрекке нұр құйғандай
Тап-таза саф ауасы.

Томпаң қағып соңымнан
Балдырғаным желеді.
Таяғыма сүйенгем
Анаң өзер келеді.
Көңілімде күй ойнап,
Ал аяғым малтығар...
Ойға-қырға шабатын
Көңіл қандай сері еді?!

Шаршады ма, балдырған
Өлде еркелік қысты ма?
Тұрып алды көтер деп
Қос тіземді күшты да.
Жыламайды «әуп-әуп» деп,
Үнсіз ыммен ұқтырған.
Қайтем, ботам, аяқты
Сен түгілі өзімді
Көтермеуге шақ тұрған?

Сенің балғын балтырың
 Шаршағанын білемін.
 Бел сау болса, ботам-ау,
 Көтеріп-ақ жүремін.
 Топ-топ етіп томпылдап
 Өзің жүрші, жүрегім.
 Төрт-бес қадам аттасаң
 Жып-жылы үйге кіремін.

Балапаным, сәл шыда,
 Қазір-қазір жетеміз.
 Аяз бұған даладан
 Жып-жылы үйге енеміз.
 Алпақ қана, ботам-ау,
 Тұра ғойшы, құлыным.
 Әлі —ақ өсіп кетесің
 Жел тарақтап тұлымың.

Дем анасы жалынып,
 Күлөпөрадан* сүйрейді.
 Одырая қарасқан
 Көрген халық не дейді.
 Жұрт не десе о десін.
 Маңдайға осы үлесім.
 Тез-тез өспі, құлыным.
 Көтере алмас анашың
 Оны өзің де білесің.

Тез-тез өспі, құлыным,
 Омыртқада жұлыным!
 Кеудемдегі жүрегім,
 Сенсің жалғыз тірегім!
 Қарашығы көзімнің,
 Жанашырым өзімнің,
 Топ-топ аяқ баса ғой.
 Табалдырық аса ғой
 Міне, жеттік үйге біз
 Әкесі, есік аша ғой.

* Капюшон, сырт киімге қоса тігілетін тұмақ



...Жүз-ақ метр ауланы
Үш сағаттай жүріппіз.
Алтыным-ау, күнім-ау!
Қара, қандай «жүйрікпіз!»

ТАҒЫ ҚҰЛАУ

Жаз. Жапырақ әлемі
Хош иіс гүл, мәуелі.
Табиғатты қызықтап
Сөбиім мез әуелі.

Жаз жұпары жанға жай,
Жоқ ойда еш алаңы
Ойын соққан балаға
Ана мейір қарадым.

Ауырды ма бір жері
Балам жылап «шар» етті.
Не болғанын түсінбей
Ана жүрек дір етті.

Болды ма деп мүгедек
Зөре иманым қалмады.
Ет жүрегі езіліп,
Шыбын жаным пыр етті.

Дәрігердің тиымы
Ойдан шығып кетер-ді.
Мұндай кезде ес қайда?
Құлынымды көтердім.

«Көтеруге болмайды
Үш кило – ауыр салмақты!
Онда белің оңбайды,
Ойлаған жөн жан-жақты.»

Уатпақшы болғанмын
Деп «анашың қасыңда».

Жұбатпақшы болғанмын
Қорған болып, расында.

Одан әрі қараңғы
Түнек болды бар маңай.
Сабырсыздық, ессіздік
Азап болған маңдай-ай!

Ес жиғанда балапан
Ойнап отыр құмменен.
Алыстап та кетпейті
Қара тұтып бір менен.

Жан жоқ екен аяқта.
Тұруға да дәрмен жоқ.
Енді өзімді аяумен
Зөре-құтым қалған жоқ.

Көшедегі кісіні
Ұлыма алдым шақыртып.
Жедел жәрдем келді де
Алып кетті бақыртып.

Балам қорқып жылап жүр
Ақ халатты пендеден.
Жұбатарға жайым жоқ
Тағдыр қатал не деген?

Жалғыз мен бе, АНАНЫҢ
Бәрі құрбан сәбиге.
Сәбилерің көп болсын
Деп тілеймін әр үйге.





ТҮС

Түс көрдім. Түс.
Түс түлкінің боғы еді.
Түс көрдім. Түс.
Түс аяңның жолы еді.

Тұрмыстамын.
Өтіп айлар барады.
Сәбиімнің
жоқ әлі де хабары.

Күтіп жүрдім.
Қашан бөпем келер деп.
Аңсап күттім.
Аллам аян берер деп.

Ізіме бір
Перзенттерім ерер деп.
Сәби үні
Енді үйіме енер деп.

Зарыққанда
Мен түс көрдім. Ойлағам.
Торыққанда
Аян алдым Алладан.

Белбеу белде
Жалпақ, өсем, ою-зер.
Белбеуді ұл деп
Жорушы еді білгендер.

Содан бастап
Санап тоғыз ай-күнді.
Жиырма бесі
Күнім дедім айтулы.

Бір ақ күнге
Жаңылыстым,

себебі
Тоғыз сағат ескерусіз. Дерегі.

Аян түс қой.
Аллам аян берген-ді.
Аян түске
Иманымдай сенгем-ді.

Ендігі түс
Жүрегімді үрейге
Буып келді.
Не болады? Не деуге?

Гипс төсек
Тұруға еш болмайды.
Алаң көңіл
Болып жатыр сол қайғы.

Айға жақын
Жоқ хабары сөбидің.
Қайда әкесі?
Қашпан келер? Налимын.

Сөйтсем
Түсім шындық екен қауіпті
Ол екеуін
машина кеп қағыпты.

Әке құлап,
Ұшқанда ұлы өуелеп
Бір жүргінші
Көктен қағып алыпты.

Ұзын орыс
Сөбиімді құтқарып
Екеуін де
Дәрігерге кепті алып.

Әкесі
Есін жиған бойда



Жалма-жан
«Ұлым қайда?!»
Деп салыпты байбалам.

Тоқтатты оны
Әуелі өзің емдел деп.
Денсаулықтан
Түбегейлі тергел деп.

Тындамайды.
«Аяқ ақсақ бұрыннан.
Ұлымды әкел!
Айналайын құлыннан.»

Құлдыраңдап
Шауып жүрген баласы
Сақ-сақ күліп
Ұстатпауын қарашы.

Уһ! – деді де,
Талықсыған әкесі.
Ал ананың
Естіп мұны кетті есі.

МАМО!

– Көрсет! – дедім көзіме!
Сенбей өке сөзіне.
Көрсет әкеп ұлымды!
Бір қауіпті сезінем.

Аурухана аурулардың мекені,
Дейтін едім, әкелмесең не етеді.
Жыл деген не? Шыда азырақ, азырақ
Уақыт деген зырыл қағып өтеді.

Енді көрмей шыдамаспын. Сезінем.
Ұйқы қайда? Тамақтан да безінем.
Көрмей тыным таба алмаспын көзіммен
Ана – жүрек, жүрек құрғыр езілген.

Өкелді ұлды. Қорқып балам қарайды.
Ақ төсекте жатқан жандар маңайы.
Анасын да жатырқайды сәбиім
Анасының жарқыраған күн-айы!

Өзер-өзер бой үйретіп ақыры
Тыңдап жатқан төтейлердің ақылын
«Мамо» деді тілін бұрап. Қайтсін-ай...
«Мамо» деді, өзі ұялып, ақырын.

Жаным! Күнім! Қайтем, тағдыр! Қу ауру
Жүрегіме үлкен салмақ салды-ау бір.
Әлі-ақ, бөпем, үйренерміз сөйлеуді,
Уақыт, уақыт, асықтырмай тұра тұр.

БЕР, МАМАМНЫҢ ТАЯҒЫН!

Бірлеп, екі... Басып өзер аяғын
Таянып қып екі балдақ таяғын.
Анаң жетті.
Дәуренжаным, құлыным,
Түрлендірем деп өмірдің бояуын.

Ана – бала. Бауыр басып үйрендік.
Ажырамас бір-бірінен күйге ендік.
Өкең жүрді бәйек болып біздерге
Ата-ана махаббаты. Сүйгендік.

Балдырғанның қылығы бал десек те,
Тағы да ауру алып ұрды төсекке.
Асығамын. Мен жеткенше өзіңе,
Айлар. Апта. Бөрі-бөрі есепте.

Ал сен болсаң көрсең – балдақ, таяғын
Көшедегі кемпірлердің баяғы
Жармасың. Шырылдайсың. Жылайсың.
– Бер! Бер! – дейсің, – бер, мамамның таяғын!

Тыңдамайсың, қой дегенді, ұятты.
Сағынышты солай ғана жеңесің,



Үйге әкеліп қойсаң болды таяқты
Анаң үйге өзі келер сияқты.

Құлыным-ау, жүрегіңнен айналдым.
Тез-тез жетіп мен өзіңмен ойнармын.
Сағынышым жүрегімді кемірді,
Мен де өзіңе пәруана болғанмын.
Тез-тез келіп өзіңменен ойнармын.

ӨЗ ЖҮРІСІҢ, ӨЗ ІЗІҢ БОЛСЫҢ

Сәби. Ана. Бір біріне ұмтылған.
Ана жүрек уылжиды жыр тұнған.
Жүгіресің. «Мама, маған қара!» – деп,
Сүйсінемін. Қарап тоймай сыртыңнан.

Анасына көрсетем деп жүрісін.
Жүгіреді. Сүйреп аяқ кемісін.
Құлыным-ау!
Не болды екен аяққа?
Неге ғана солтаңдайсың, не үшін?

Аяғың сау. Сүйреткені о несі?
Осы боп па тағдырымның үлесі?
Сөйтсем ұлым «еркек солай жүгірер»
Деп шешкен ғой. Көрген үлгі – әкесі.

Тоқта, құлын, екі аяқты тең бас та!
Салма өрнекті сау аяқты жамбасқа!
Тыңда өкеңді. Болсын бірақ өз ізің!
Өмір басқа. Өкең басқа. Сен басқа.

Болу керек өзіңше ойлар өз басың.
Өс, алтыным! Алға күндер зауласың.
Өз қанымнан жаралсаң да, құлыным,
Өзің жеке өз алдыңа тұлғасың!

ЕСКЕРТКІШ СУРЕТ

Тағы да ота күтіп тұр
Алдан мені, балам-ау.
Мен не болсам, болайын
Сенен жаным садаға-ау.

Артта қалар ізімсің
Сен аман бол, ботам-ау.
Алға қарар көзімсің,
Сағынумен жатам-ау.

Бүгін алдым айлықты
Саған киім алайық.
Қол ұстасып дүкенге
Қане, бірге барайық.

Ескерткіш боп қалсыншы
Тәуір нәрсе алайық.
Анам маған алған деп
Еске алуға ылайық.

«Балалардың өлемі»
Бәрі-бәрі өдемі.
Киім емес, бөпеме
Әдемі ойыншық керегі.

Мен киімге сүйреймін.
Сәбиім тұр қоңқиып.
Киіп көр деп жалынсам
Балам ерні томпиып.

Сатушы да жылмаңдар
Автоматтан «оқ сеуіп».
Кете алмай тұр балақан
Сипап ұстап, он көріп.

«Киімді алсақ, мынаған
Ақшаң жетпей қалады.»



«Бунт» шығарды балдырған
Ойыншыққа ауып құмары.

– Мейлі, – дедім – мейлі енді
Ойыншықты алайық.
Бұл мылтыққа мінекей
Мына киім ылайық.

Сенің шаттық жүзіңнен
Шыбын жаным садаға.
Сенсіз менің жүрегім
Шат күлкіге тола ма?

Түсірейін суретке
Есте қалсын бұл күнің.
Оралайын аман-сау
Тілекшім бол, құлыным!

ДӨРІГЕРМЕН ДАУЛАСУ

Балам өлі кішкентай,
Өлуге жоқ құқым да!
Айт одан да тура жол
Айығуға жақында!

Бекер басты қатырма!
Обырды айтып шатылма!
Сәбиім бар қолымда,
Жоқ өлуге қақым да!

Сөзбен күнді жұбатып,
Отыруға жоқ уақыт!
Бер одан да аналық
Өмірімді ұзартып!

Болмас маған өйтуге...
Ұлды жетім етуге.
Кезін көргім келеді,
Азамат боп жетілген!

Өрекетсіз, қимылсыз
Отырғаннан төуір-ау.
Қолдан келер не қалды
Шарасыздық ауыр-ау...

Он алтыншы пәтерге
Өз үйім деп кірдім-ай!
Хат артында кісі бар
Қарасқаны бір құдай!

Жоғарыдан сілкілеп
Тура бұйрық жеткен соң.
Еңбекшінің хаты деп
Бюроға сап біткен соң.

Қонаевтың алдынан
Қалғанбайым өткен соң
Берін айт та бірін айт
Пәтерге қолы жеткен соң!

АСТАНАСЫ ҚАЗАҚТЫҢ...

Суханбаев көшесі
Қырық бестің батыры.
Он алтыншы нөмірлі
Үйге кірдім ақыры.

Шолақ көше бұл өзі
Он алты үйден тұрады.
Жайлы-жайсыз демейін
Көшеде аққан бұлағы.

Бір барғанда үш барып
Бір шелек су тасимын.
Шаңырағым басымда
Оған несін жасимын.

Қабырғасы – қамыстан,
Хрущев көкем салдырған.



Уақытша үй деп жұбатып,
Комбинатқа ел алдырған.

Бір бөлмеден бір бөлме
Шұбатылған үйіміз.
Аңғал-саңғал терезе
Тоңазулы күйіміз.

Алқаш орыс тұрағы –
Жертөле тола бөтелке.
Көп екен деп сұрағы
Жауабын біреу бере ме?

Аяғы кіріп жарыққа
Шырылдар сөби жан дәрмен.
Ырсиған еден жарығын
Тығындадық көр-жермен.

Туралаулы қағазы,
Баспана ғой тұрақты.
Риза бол осыған
Көбейте бермей сұрақты.

Талай ақын жырына
Болған арқау – жыр-аңыз.
Астанасы қазақтың
Алматыда тұрамыз.

Тұрғындары орыс пен
Неміс, көріс, пыған бар.
Қазақ сөзін естуге
Құлағымда арман бар.

Егемендік алдық деп,
Аспанға аттық бөрікті.
Бір көшеде – бір қазақ...
Мұндайды кім көріпті?!

ТИСЕ, ТЕРЕККЕ...
Немесе 16-ның жырғы

Отбасылық жатақтан
Орын емге бұйырмай,
Пәтер іздеп Алматы
Бұрыштарын шиырлай.

Цех бойынша екінші
Кезегіміз бар еді.
Әне-міне үй алу
Деген дәме нар еді.

Үкім шықты; комбинат
Бар тізімді бір етсін.
Зәру жандар пәтерге
Сол тізімді күзетсін.

Төрт жүз жетпіс алтыншы
Кезектің ең соңында.
Бар ғұмырың жете ме
Күтсең, соның жолында...

Торыққаннан жабығып,
Істер ешбір айла жоқ.
Қанша есікті қақсаң да —
Заңы сондай. Пайда жоқ.

Отырдым да хат жаздым
Жиырма екінші съезге.
Салыстырам жағдайды
Назарыңды сал бізге.

«Жасалған әр отаңыз
Он алты мыңды сұрайды.
Сол кездегі ақшамен
Төрт «Волганы» құрайды.

Өкіметке сол шығын
Болмас еді деймін-ау.



Денім сау болса балам мен
Ердің қамын жеймін-ау.

Денсаулықтың болмауы –
Пәтер жоқтың кесірі.
Жұмыскері сау болса
Артпай ма Отан несібі.

Олай-пұлай боп кетсем
Сөби қалар анасыз.
Өкіметтің нанымен
Оны асырап бағасыз.»

Тіл жеткеше сайрадым
Қамти жазып жан-жағын.
Он алты жастан тер төккен
Әке жайын толғадым.

Көзін ашқан еңбекпен,
Комбинатты гүлдеткен.
Өзі ақсақ болса да,
Еңбек көрігін гүрлеткен.

Партияның мүшесі,
Майдангер марқұм әкесі.
Өмірден кеткен үлесі
Туысымен өліп шешесі.

Жаздым бәрін төгілтіп,
Хал-жайымнан тізбелеп.
Тіл жеткенше егілтіп
Селт етер деп, не керек.

Тисе терек, тимесе
Бұтағына тірелер.
Хат жөнелді. Москва
Оқиды ма? Ол не дер?

Талай ақын жыр еткен
Пәтер жайын сұраңыз.
Астанасы қазақтың
Алматыда тұрамыз.
Алматыда...

БАЛАБАҚША ҮЙІМІЗ

Көршілерім кіл орыс.
Қос Марина, Оксана.
Юра менен Рома.
Ойын түрі қаншама...

Балабақша үйіміз
Жасырынбақ ойнаймыз.
Балдырғанның бал тілі,
Қылығына тоймаймыз.

Жұма сайын бауырсақ,
Қазақы иіс шығарып.
Жеті шелпек, – ауырсақ.
Балалар мөз қуанып.

Күн бата өзер тарайды.
Аналары жетектеп,
Жалтақ-жұлтақ қарайды,
Тағы келем ертең деп.

Анжелика жылайды:
«Сіздің үйде қалам деп.
Барғым келмейт үйіме,
Сізге бала болам», – деп.

Ойландым да отырдым,
Арыз жазып, бала етсем.
Жарым ұрсып, шөг-шөлек:
«Айырылыпсың таза естен!



Екі әжесі, анасы
Және алқаш әкесі
Саған берер деймісің,
Ойламайсың неге осы!

Тіпті, алған күнде де,
Тіпті, заң да қолдасың.
Мазанды алар үйге кеп,
Азапқа қалар өз басың!»

Төк деген соң тоқталдым.
Жылағанда Анжела
Әлденеше оқталдым.
Серік қой деп балама.

Балабақша үйіміз
Аналары жұмыста.
У-шу болып жатамыз.
Мәзбіз осы тұрмысқа.

ҚҰЛЫН КҮЛКІҢ КІСІНЕР

Еркелігіңді көтеріп,
Анадай кім түсінер?
Шаттанғанда үшеуміз
Құлын күлкің кісінер.

Маған үлкен күш берер
Сөбиім апқан «жаңалық».
Көңлімді өсірер,
Сұрайтының қадалып.

Құлыным-ау, күнім-ау,
Берін білгің келеді.
Азамат бол айбынды –
Сол анаңа керегі!

ҚЫЗЫМ ДА СЕН, ҰЛ ДА СЕН

(«Қыздың» ісі)

Қарашығы көзімнің
Өзге ұлдардан ол басқа.
Қолғанатым өзімнің
Еден жуды он жаста.

Досы оны мазақтап
«Қыз болдың» деп күледі.
Өз анасы сау бала
Ненің мәнін біледі.

– Бері кел, – деп шақырдым,
Қорқыш кетті батырың.
– Досқа күлме, Өсетжан,
Мен ауырып жатырмын.

Үйренеді өзі істеп,
Оған несін күлесің?
Анаң қалса ауырып
Сен де көмек бересің.

Жақсы бала орынсыз
Бостан босқа күлмейді.
«Менің досым ақылды,
Көмектесіп жүр», – дейді.

Намыс емес анаға,
Қол көмегін бергені.
Нағыз ұят – сөз қуған.
Ол абырой бермейді.

Кел, одан да көмектес,
Суын төгіп, жаңала.
Опа бермес бос егес.
Ол жараспас балаға.

— Қолғанатым өзіңсің,
Жұрт күлер деп бұзылма.
Енді кімді жұмсаймын?
Қызым да сен, ұлым да.

Ұл да, қыз да бір өзің.
Үйдің сенсін тірегі.
Кем болмайды ер ұлан
Көп болса егер білері.

Асыл сөздің жүйесі,
Шаңырақтың киесі,
Өкенің отын өпірмес
Сен боларсың иесі!

ӨКЕ ҚАЛДЫ ЖҰМЫССЫЗ

«Ақша таппы мамасы.
Жоқ басқадай шарасы.
Акционер болам деп
Жатыр бәрі таласып.

Жарна құйсаң, қаласың.
Еңбекақы аласың.»
... Ет комбинат атауын
Құбылтуын қарашы.

«Тұлпар» еді, «Құлан» боп
Өлденеше өзгерді.
Өр ауысқан атаудан
Еңбеккерлер сенделді.

Ақырында бастығы
Москваға барғанда.
Үлесінен үлкен сом —
Ажал оғы кез келді.

Жұмыскерлер ешкімге
Керексіз боп қалғанда...

Аты өзгерген мекеме
Ұстатпайды-ау құйрығын
Мына дүние жалғанда.

Дипломы қалтада
Сай білімі болса да.
Жұмыс орның жабылды.
Айла қане, не шара?

Қанша ай босқа сенделді.
Өкіметке сенген-ді.
Қол күшінді көрсетер,
Өлмеу үшін кез келді.

Біреді күндік жұмыс па
Енді қандай тұрыс бар.
Тек берсеңіз болғаны
Қол ақыны дұрыстап.

Жеке меншік жалданып
«Ертең» сөзге малданып,
Істеп-істеп ай бойы
Неше аңырап қалмадық.

Өке жайы сол болса
Шеше жайы күрделі.
Жоқ тұрақты жұмысы
Ауруы бар белдегі.

Іс машина сатып ап
Тігін тігіп көргені.
Алтын кесте шегумен
Аз тұрмысты жөнделді.

Тақия, шапан, қалпақ па?
Қол өнерін ардақтап.
Алушысы табылып
Ақша тапты салмақтап.



«Құлыншағым, жарысқа
Міне, осымен барып көр.
Қайда барсаң топ жарып,
Асыл жүлде алып кел!»

«МАМА, МЕН ДЕ ЖЕЙІНШІ»

Заман шаппаң өзгеріп
Халық босты көшеге.
Фабрик-завод жабылып
Жұмыссыздар нешеме.

Жұмыс орны жабылып,
Нан табылмай тарығып,
Қолда барын саудалап
Өрлі-берлі сабылып.

Елде қалмай етік те,
Киім-көрпе, шеттік те,
Базарды бәрі жағалап
Жармасып бір кетікке.

Біреу киім іздейді.
Біреу тамақ іздейді.
Жайнаң қағар саудагер
Табамыз бәрін біз дейді.

Сол базарды жағалар
Жан бағуда аналар.
Келеді әне біреуі
Ерткен ұлы жөне бар.

«Бөліп алып, бөліп» деп
Өрі ет те, өрі нан.
Аш қарынға талғау ғой,
Аш өзекке жалғау ғой,
Нанға жетер не бар» деп
Ақ жаулығы көлендеп,

Қос балдаққа мініп ап
Әйел келед тепендеп.

Бұрқырар иісі бөліштің
Төбетінді шақырып.
Етін, нанын дәмді ғып
Пісірген екен қатырып.

Жапырлайды аш халық
Талап алар бас салып,
Ұлға тимей біреу де
Қарап тұрар тамсанып.

Қыңқылдайды жас бала:
«Мама, мен де жейінші,
Қалдырмадың тағы да»...
Кейін.
Кейін.
Кейін ше...

«Сүт те, қант та керек-ақ
Бөліп жегім келеді...
Пісірмейсің дәл бүгін.
Бөліп жесем деп едім...»

Қос балдаққа асылып,
Қауқар жоқ көп жасауға.
Жұбатады баласын.
Амал не тағдыр – асауға?!

Алдарқатып баласын
Пісіремін тағы деп
Әйел кетіп барады
Өткеніне бөліші
Қуанышпен қарады,
Көмегіне баласын
Күнде ертіп алады.

Сен болмасаң, ботам-ау
Сата алар ма екенмін



Деп, уайымдап қалады.
Баласына мейіріммен
Алғыс айта қарады.
Заманаға тап келген
Қарғыс айтып барады.

Арманыма аңсаған
Міне-міне жетем деп.
Қос балдаққа мініп ап
Әйел келед тепендеп.

Еркелікті білмейтін
Бала кетіп барады.
Шеше халін түсінген
Дана кетіп барады.

Өз бетінше күн көріп
Алдына шелек өңгеріп
Келе жатыр жас бала
Жоқты барға теңгеріп.
Өз бетінше күн көріп...

БЕС ТИЫНДЫҚ ҚҰНЫМ ЖОҚ

Ұлым кірді, қуанып,
Бес тиындық ұсынды.
Таңырқана қарадым.
Бұл не сонда? Түсіндірі!

Екенімді билетсіз
Байқамады, көрмеді.
Сұрамады кондуктор
Мен тиынды бермедім.

Ертең осы тиынмен
Жол жүрем деп ақталды.
Өзі тауып ақшаны
Жүргендей боп шаттанды.

Е, Аллам-ау, не шара
Неге өйтесің дей алмай
Алдау жарамайды деп
Жат қылықтан тия алмай.

Пендешілік, итшілік
Ақыл-есім жия алмай,
Ойбайладым ішімнен
Сыртыма сөз шығармай.

Қазір десем бірдеңе
Көз жасымды тия алмай.
Қорланғанын сезімнің
Қалай айтам ұялмай.

Ойнап кел деп жібердім.
Ұлды, еркін далаға.
Шешем құсап құрыса
Ұрса алмадым балама.

«Теңге жерде жатса да
Алма!» дейтін сұраусыз.
Қайран шеше үлгісі
Кеткені ме тұрлаусыз?!

Қой, өксігім басайын
Сабыр. Сабыр. Аз ойлаң.
Әне, ұлым да кеп қалды
Арылған жөн ез ойдан.

Бес тиындық құным жоқ
Болғанымды қайтейін...
Ана атанып, мойныма
Міндет арттым, қайтейін?

Сағат сайын құбылған
Заңым, сені қайтейін.
Тұрақтылық болмаса,
Тиын, сені қайтейін...

Ақша, ақша, ақша дер
Заман, сені қайтейін.
Бірін-бірі жұлып жер
Амал, сені қайтейін.

Бес тиындық құным жоқ
Болғанымды қайтейін.
Ақниет үл өсірмек
Арманымды қайтейін...
Арман, сені қайтейін?!
Қайтейін...

P.S.

Күн өткен соң арада
Теңге ұсындым балама.
— Кондукторды тап дағы
Кешірім сұра жөна да!

«Кісі ақысын жеу деген —
Тең қылмыспен» деуменен.
Аттандырдым ұлымды.
Жүректі күдік кеулеген.

Кеміріп кеуде үнгіген,
Кезенген жоқтық айнала.
Кем соқпай тұр найзадан,
Қаңтардағы сүнгіден!

ҰЛЫМДЫ ЖҰБАТУ

Ғасыр соңы.
Сөз соңы.
Бөрі шапшаң өзгеріс.
Желпінгенмен жаңаға
Ауыр. Ауыр күнкөріс.

Нансыз жатқан түндер бар.
Қамсыз атқан күндер бар.

Салыстырып екеуін
Жөнін айтар кімдер бар?

Күн жаманы кетер-ау,
Шыда, балам, азырақ.
Бұл заман да өтер-ау
Келер көктем жадырап.

Сен ержетсең жігіт боп,
Біз қалармыз марқайып.
Кел, одан да екеуміз
Өмір өнін шырқайық!

ТАЛАБЫҢ ТАУДАЙ ЗОР БОЛСЫН!

Тоқсаныншы жылдар ед,
Күнде ауысқан мұғалім.
Ата-анаға арман ед
Білімнің жағу шырағын.

Орыс мектебі ішінде
Алғашқы қазақ сыныбы.
Жоқ байлаулы мекені
Ауыса берген тұрағы.

Айтаққа ерген сыңайы
Нәжісті бірде лақтырса,
Кей кезде орыс баласы
Әйнекті шағып тұрады.

Мазақ құмар жас бала
Шағып кетсе әйнекті.
Ата-анасы қазақтың
Әйнекті салып, терлепті.

Мүйіздеп сол мекеннен
Қуғысы келіп тұрады.
Өз мектебі біткенше
Өзер-өзер шыдады.



Кәусарынан білімнің
Қанып іше алмаған.
Алаңсыз оқу маңдайға
Бұйырмаған, болмаған.

Ұрпақ өсіп жетілер
Тек Алласы қолдаған.
Солардың бірі өзіңсің –
Талабың таудай зор, балам!

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ

Киік деген жануар,
Қырды кезген тағылар.
Төлдеген соң қозысын
Тастап кетер заңы бар.

Суық ұрып тоңдырар
Дірдек қағып қозылар.
Аман ғана қалғаны
Енесіне қосылар.

Табиғаттың заңы сол –
Сұрыптаған тектіні.
Болсаң жарық күндей бол,
Осал болма, тек, күнім!

Табиғатпен таласып
Құшырлаған ұрпақ-ай.
Мезгілден сәл ертерек
Келіп қалған байқамай.

Кім мықты да, кім осал –
Өмір өзі екшеген.
Мен мықтылық күтемін
Азаматым, тек сенен!

ӨС, ҰЛАН

Тағдыр жолы тарам-тарам таралған.
Мың арманды түрткілейді бір арман.
Өсіп келе жатыр қайтпас қайсарлық
Ата-ананың арманынан жаралған.

Өс, өс ұлан, жүрегіңе нұр құйып,
Жақсы сөзден көңіліңе жыр жиып.
Марқа көңілі ата-ананың марқаяр
Дейді: – өзіңмен алғы күнге жылжиық.

МОЙНЫН БҰРАП ӨЛТІРІШ...

Жапсарлас бір аулада
Арғы көше есебі.
Жас отбасы жақында
Көшіп келген деседі.

Достарымен сыра ішіп
Басытқыға тауықты
Таңдапты да «батырың»
Ауладан біздің «тауыпты.»

Жас баланың көзінше
Мойынын бұрап өлтіріп
Шарбағына лақтырып
Кеткен зытып отырып.

Дәурен ыза болып жүр.
Өлі жетпес, біледі
Өділетсіз мына іске
Жарылардай жүрегі.

«Аға неткен қатыгез.
Тауығымды өлтіріп,
Сенің дағы мойныңды
Бұраймын!» деп күледі.
Сен көрмедің ештеңе
Көрдім десең – өлесің!



Осы менің шартыма
Өлсең дағы көнесің!

Аға неткен жауыз» – деп,
Шөт-шөлекей жылап жүр.
Өділеттік орнат деп
Анасынан сұрап жүр.

Анасы тұр толғанып
Қылығына қорланып,
Баласының ертеңін
Және дағы ойланып.

Мас еркекке баруға
Дауаламай жүрегі
Сөз тыңдар деп ойламай
Жүрексініп тұр еді.

Өділдіктің аты өліп,
Қатыгездікке еті өліп,
Ертең кетсе қайтеді
Тәрбиеден қателік?

Қорыққанмен бола ма?
Баладан жаны садаға.
Салған ізі терең-ау
Жамандықтың санада.

Отырғанша омалып,
Он аттап, бір демалып.
Жетті үйіне жігіттің
Арақ ішкен қамалып.

– Әй, қарағым, жиырма үйден
Жалғыз қазақ сен ғана.
Жылайтындай жұбаңбай
Не сөз айттың балама?

Арқа тұтып өзіңді
Ағам бар деп жүретін.
Қорлап сәби сезімін
Не жөнің бар күлетін?

Өлтірем деп қоқандап
Жөнің қайсы қорқытар?
Ұрлық қылған мына сен
Түрмеге барып отырар.

Сөзге құлақ түрсеңші,
Дұрыс жүре білсеңші...
– Әй, апашка, кешірші
Ініммен өзім тілдесем.
Кетті менен қателік,
Татуласып өтелік.
Жүргеніміз бар болсын
Адам атын көтеріп.

Қамқор болам балаңа,
Сіз ешкімге айтпаңыз.
Сертке берік ініңіз,
Сынап Сіз де байқаңыз.

– Сөз осы ма?

– Сөзім – сөз!

Ана арқасы жайланды.
Серт бұзған жан нәмарт деп
Сөз осыған байланды.

Кетпесе де кейіннен
Жылы-жылы сөйлесіп.
Өйтеуір, бір жылылық
Арасында тұрды есіп.



ҚАУЫСБАЙ, ҚАПШАҒАЙ. КЕЙҚАУЫС.

Шыжғырғаны пілденің
Қос өкпеден қысып ап.
Қапшағайға жөнелдік
Асфальт жолға түсіп ап.

Қапырығын қаланың
Тастай қашып келеміз.
Теңіз деген тамаша
Келмегенбіз неге біз.

Елден келген нағашы
Қауыс аға ортада,
Су білетін кісілер
Ағын судан қорқа ма?

Мөз болады балдырған
Айдын көлде шолпылдап.
Бір батып, бір шығады
Қалытқыдай қалтылдап.

Сирағынан тартады
Қызық көріп өздері.
Бір шығып, бір батады
Бакырайып көздері.

Қызып алған еркектер
Қала ма деп байқамай.
Шырылдайды анасы
Жүрек құрғыр тоқтамай.

Көл айланған анасы
Қыт-қыттаған тауықтай.
– Төзімімді тауыспай
Шық жағаға, Қауысбай!

Бұл да ерен өнер-ау
Суда жүзген балықтай.

Нағашысы, әкесі
 Үйретуде жалықпай.

«Қабуснаме» кітабын
 Жастап жатып оқитын.
 Ішіндегі ғақлия
 Бәрін мыйға тоқитын.

Онда дағы жазылған
 – Ей, балам! – деп патшасы:
 Суға кетсе кемеңіз
 Құл құтқарар өз басын.

Патшаның ұлы болсаң да,
 Су өнерін үйрен деп.
 Өнер. Өнер. Сан қилы
 Талапты ғана үйренбек.

Қап, осыдан қалаға
 Жетейін де табайын.
 Бассейнге баламды
 Тіркетейін, жазайын.

Судың тілін білгені
 Артық болмас өзіне.
 Дег күрсінді анасы
 Бір жеңілдік сезіне.

ІЗДЕНУ

Алматыда не түрлі
 Көп екен спорт сарайы.
 Суға жүзуді үйрету –
 Анасының бар ойы.

Келіскендей бір ауыз
 Бәрі «жоқ!», «жоқ!» деп тұрар.
 Босағадан өткізбей
 «Әрі-әрі» деп тұрар.



Есік апты нешеме
Жолатпайды ешбірі.
Қолда – балдақ, әлде ұлты
Мәселені шеше ме?

Ынжықтығы сол шығар
– Неге жоқ? – та демейді.
«Жоққа жүйрік жете ме»,
Өрі қарай жөнөйді.

Айлар өтті. Бір кезде
Тренерге тап келді.
Шахкөз –
Қазақ жігіті.
«Үйретші» деп тап берді.

Іздегенге мектепті
Екі жыл да өтіпті.
Бесте еді баласы
Жеті жасқа жетіпті.

Бапкері оның тамаша
Сөзге желдей еседі.
Отыз бала таласа
«Біздің ағай!» деседі.

Қазақша сөз есітіп
Қуанады құлағы.
Көрген сайын мадақтап
Баласын бапкер тұрады.

Мақтау сөзбен жайқалып
Өскеңдей боп құрағы.
Жайланды ана көңілі
Табылып бар мұрады.

КІТАПХАНАШЫНЫҢ ЗАРЫ

Кітапхана есігінде құлып тұр.
 Кеше тұрған.
 Бүгін тағы
 ...құлып тұр.
 Сол құлыптай ой-сана да матаулы
 Арман, қиял селт етпестен тұнып тұр.

Балам маған мұңға толып жанары
 «Апай неге келмей жүр?» – деп сұрады.
 «Кеше бардым. Бүгін бардым. Жабық қой
 Жаңа кітап алғым келіп тұрады.»

Кітапхана – кітаптардың мекені.
 Ол үнемі ашық болса нетеді?
 Бірде ертегі, бірде қызық өңгіме
 Достар айтса, оқығым кеп кетеді.»

Ұлдың сөзін тексеремін өзім кеп,
 Бар қажетін берсем деймін түгендеп.
 Шыныменен кітапхана жабық тұр
 Тіпті есігін қойғандай ма шегендеп.

Жібек мінез Жұлдыз еді апайы
 Ұлын секта тартып алып, бар ойы
 Құтқарудың жолын ойлап жанталас...
 Мінезі де кеткен екен қатайып.

«Иегово». Сектанттар жүр шұбырып,
 Күнде бір дін. Сөз сөйлейді құбылып.
 Өз дініміз тұншыққалы құмығып
 Қарсыласар қайрат таппай құрыдық.

Үш бөлмелі үйін «сыйлап» сектаға
 Машинасын және беріп «тоқ» бала.
 Жұмыс тастап, алып әйел-баласын
 Қанғып кеткен өз еліне тоқтамай.



Өз баласын қарсы қойған анаға
Секта деген сондай сұмдық бола ма?!
Мейірім түгел қарапайым қағида...
Сөзді ұқпайды. Екі көзі далада.

Зар илейді «жоғалттым» деп баламды.
Ештеңеге пайдасы жоқ боп алды.
Тірі отырып керек болмай ешкімге...»
Бар баланы жоғалтқаны обал-ды.

Заман мұңы. Бұл – қоғамның жарасы.
Сыздауықтай сырқырауын қарашы.
Жалғыз-жарым Жұлдыз сынды апайлар
Күресуге қайдан келсін шамасы.

Заңыменен дінімізді қорғасақ.
Өзге дін кеп жағамыздан алмаса.
Секта – жауыз! Елдігімнің сөні не?
Жауыздықты ауыздықтай алмасақ!

БАС АСАУЫ БАР ТРОЛЛЕЙБУС

Өң жоқ, түс жоқ абыржып,
Ерте келді сабақтан.
Бір жайсыздық болғанын
Сезіп тұрмын қабақтан.
Тез дайындап жіберген
Дәм татпады тамақтан.
Не болды екен, күнім-ау
Не болды екен, жаратқан?

Тұттығып сөз бастады
Бала қарап, анаға:
– Дем алмастан жөй адам
Неше минут шыдайды?
Сонша жылдар жаттыққан
Су астында дем алмай
Мен бес минут шыдаймын.
Одан өрі дәрмен жоқ

Су бетіне ұмтылам,
Тұншықтырған пәледен
Ауа жұтып құтылам.

Ал бір апа секірген
Екбетінен түсті де
Қозғалмады көп уақыт
Келгенше жұрт үстіне.
Не болды оған, ө, мама?
Алмадым түк те түсіне?

– Сабыр, балам, қай жерде
Көрдің ондай апаны?

– Өз ойыммен қиялдап
Қалған екем байқамай.
Троллейбус ішінде
Кілең әйел айқайлай,
Шулап жатыр, қарасам.
Жүргізуші далада
Соңымыздан далбақтап,
Ұстап алған көліктің
Төбесінде болатын
Троллейбустағы рога...

Салонда еркек жоқ екен.
Апалар маған шулайды.
Өздерінде үрей жоқ,
Ауызына алған құдайды.

Мен дағы дымды білмеймін.
Рульге барып отырдым.
Тежегіші жоқ көлікпен
Тура келе жатырмыз.
Соғыламыз-ау үйге біз!
Үрейлі бір күйдеміз.

Бар тапқаным – рульді
Оңға бұрай беремін.
Қиылысын көшенің...
Көрмей, бірақ, көремін...

Жерде халық дүрлігін
Оңға-солға қашуда.
Не екенін түсінбей
Бөрі-бөрі сасуда.

Төк жоқ бірақ келетін.
Еңіс те бітті. Тауеылған.
Көлденең көше – Темирязь
Басылды екпін алқынған.

Тізем көтті дірілдеп...
Сөкірген апа қозғалмай.
Екбетінен құлады.
Сосын қалды, тұра алмайды...

Сол жатқаннан мол жатты.
Басым қатты біле алмай.
Шыға қашты өйелдер
Жүректері шыдамай.

Кеттім мен де сабаққа
Не болғанын біле алмай.
Апай үйге қайтарды
Түрім менің «ұнамай».

– Сабыр, балам, сабыр ет.
Кел, тандайың басайың.
Көмектесер күдірет
Жеті шелпек жасайың.

Серейген бойы болмаса,
Он төртте. Өлі бала ғой.
Тамағыңды іш, құлыным.
Бар, демінді ала ғой.

БРҮС ДИ ЖӘМЕ МҮСТАФА ӨЗТҮРІК

Қолыңда Брюс Ди,
Норифелінде Брюс Ди,
Дәптерінде Брюс Ди,
Жейдесінде Брюс Ди.

Альбом жазнап, суретін
Жаснап жағып ұшықтайды.
Бір сөз айтса ішіңде
Брюс Диді ұмытпайды.

Көріп жүрген киносы
Брюс Диді мақсаттап
Сондай болып деп тұрар
Мына менің аяқ баллағым.

Ошырдым да зеріледім,
Үлгі тұяғар сондай жем
Жоқ па еді деп құмалды?
Аққарияның көп менің.

Бір екен той! Бір екен!
Киноға да түсіпші.
Біздің жігіт егер екен
Жүріп көзіне түсіпші!

Тхэквондо машақабін
Шашақтап жүр екен.
Герман елі вана емес
Жер жүзінің түлі екен.

Өз азаматын аңсаған
Өз түріндей ер ұлан
Елің алды азаматтық
Отаныңа жел, ұлан!

Ұлан байтақ өлкеңде
Алшаң басып жүр, ұлан.



Мен сенімен мақтанам,
Білімді елге бер, ұлан.

Сендей ұлды өсірген
Ата-ананнан айналдым.
Елін сүйген елжіреп
Жүрегіңе қайранмын.

Қазақпын деп кеуденді
Кергеніннен айналдым.
Сен секілді батырға
Көңілім мөз боп жайландым.

Түстің алты киноға
Қазақ даңқын сен жайып.
Дөл мен үшін Мұстафа –
Сенсің нағыз ғажайып!

Өнегесіз, үлгісіз
Өскен бала жаман-ды.
Өзтүрікке ұқсап бақ,
Азамат бол табанды.
Елін сүйген елжіреп,
Сенен үлгі алам-ды.
Балама үлгі етерге
Іздеп сені табам-ды!

«ЕЛІН АҢСАҒАН ЕЛІК БАЛА»

Өткен заман, тар заман
Үркіншілік кезінде.
Ата-баба қиналған
Шапқыншылық кезінде.

Қызыл қуып, ақ қашып
Ойнақтаған кезінде.
Аттан түсіп намысы
Жайдақтаған кезінде.

Қытай ауып, жер шолып
Жай таппаған кезінде
Түркия асып, ел босып
Жай жатпаған кезінде.

Қазақ ұлан жетіліп
Ата-баба салтымен.
Ер жетіпті от жүрек
Сағынышты қалпымен.

Ет жүрегі елжіреп
Ата жұртын аңсаған.
Көрсетуге өнерін
Шәкірттермен самсаған

Кореяда төлім ап
Еуропада тұрса да.
Елік бала елді аңсап
Сапар шекті қаншама.

Елі басып бауырға
Өнерлі ұлын ардақтар.
Ананың от құшағы,
Ата сертте – салмақ бар.

Сүйер ұлың болса сүй!
Мұстафадай ұланды.
Елім деген ер ұлан
Айтқан сөзде тұра алды.

КЕЗДЕСУ

Қазақтарға жетіпті
Атағы оның күркіреп.
Өгіп жатыр кездесу
Алматыда дүркіреп.

Қай жерде өтсе кездесу
Баламды ертіп жетектеп.



Ұқсын, білсін, сезсін деп
Қалмай жүрмін дедектеп.

Бүгін спорт Сарайда
Кең көлемде өтпекші.
Қос өкпемді қолыма ап
Мен де болдым жетпекші.

Дәл алдыңғы орында
Дәуренжаным жанымда,
Суретімен салынған
Билетім бар қолымда.

Бұл – Мұстафа Өзтүрік
Түркі қаны бойында,
Тамам қазақ баласын
Құмар қылу ойынға.

Таэквондо – биік шың
Спорт өнері ішінде.
Мұстафа тұр күліп шың
Бауыр басқан пішінде.

БАТА

Еркелеген елім бар деп Өзтүрік
Жырдың сөнің, сөздің мәнін келтіріп.
– Уа, халқым! – деп алақанын жайды кеп
Бата сұрап тізерленіп отырып.

Алақанды мен де жайдым, тілеулес
Трибуна жым-жырт. Ешкім үндемес.
Секунд. Минут. Созылуда үнсіздік
Ау, ағайын, мақау ма едік дым білмес?!

Жүрегімде бір бұлқыныс дір етті
Мына сұмдық көңілімді жүдетті.
Алақанын әлі жайып тұр ұлан
Жон аркамда мың құмырысқа дүр етті.

Шамырқаньш шаңқ етердей шамдандым.
 Сасқанымнан жаулығымды қармандым.
 Жетпіс жылдық мөңгүрттіктің үлесі-ау,
 Ата салтым тапталғанға қорландым!

Бар тапқаным балама «бар, бар» дедім.
 «Өзтүріктің сен батасын ал!» дедім.
 Балдырғандар періштедей қаумалап,
 Зал бір ауық ішке тартты бар демін.

Шүпірлеген періштедей сәбилер
 Мұстафаны алды қоршап нәбилер.
 Мейірленіп маңдайларды сипады ол.
 Қан жылаған өз жүрегім зар илер.

Жайған қолға жақсы бата етелік.
 (бұл халықтың кеткені ме еті өліп?)
 Балдырғандар қоршауында Өзтүрік,
 Біреулерін алды қолға көтеріп.

Мұстафадан бата алған қарағым
 Қатарыңнан оза шапсаң, жарадың.
 Ұлым үшін мақтан кернеп кеудемді
 Қиялымда құс боп ұшып барамын!

АТА САЛТЫН ТАПТАМА

Ышқынды рух! Масқара!
 Бата берер жоқ ата.
 Еліктеме басқаға!
 Ата салтын тастама!

Ел жоқ болса сен де жоқ.
 Ата салтын таптама!
 Баталы ұлан өркендер,
 Ата салтын аттама!



УРАЛАҒАН ҰЛАНДАР

Неше мектеп ашылды
Мұстафаға еліктеп.
Жалғап жаңа ғасырды
От беретін көрік көп.

Уралаған ұланды
Көріп, көзім қуанды.
Қазақ жері құлшынды,
Таэквондо ту алды!

ЕЛІКТЕУ

Шәкірттері жан-жағынан саулады.
Өнегесі тамам елді жаулады.
Әр мектепте үйірмелер құрылып,
Таэквондо әр ауылда қаулады.

Кимоно мен белбеу тігіп арнайы
Ұлым менің үйірмеден қалмады.
Тоқсан сайын көрсеткішін жаңалап,
Сары белбеу, жасыл белбеу алғаны.

СУ АЯҒЫ ҚҰРДЫМ

Мұстафаның үлгісін
Өнеге еткен шәкірттер.
Тегін сабақ өткізіп,
Аш отырған шәкірттер.

Қолдау таппай «көкеден»
Титықтаған шәкірттер.
Жолын таппай нан табу
Қитықтанған шәкірттер.

Арба итеріп қол күшін
Итке сатқан шәкірттер.
Тарам-тарам жолдармен
Арам қатқан шәкірттер.

Белгіленген жүйем жоқ
Жан ашудан не пайда?!
Аққа жағар күйем жоқ
Таласудан не пайда...

Күншілдіктің құрбаны
Күшім, сенен не пайда.
Құрдымға кетсе қылғаның
Ісім, саған не қайла?

АНА МЕН БАЛА

Егіз балдақ, бір таяқ
Алма кезек ауысып.
Бірде басып аяғын,
Бірде жермен «танысып».
Көштен қалмай ербиіп
Әйел келед жарысып.
Бір тұрып, бір тоқтаған
Дөңгелегі өмірдің.
Бір сөніп, бір маздаған
Үміт оты сенімнің.
Ана – бала
Осылай
Бірімізге біріміз
Рухани демеуміз.
Жақсы күндер әлі алда
Келеріне сенеміз.
Сенеміз!

СЕКУНДОМЕР

Секундомер сатып ац,
Балам өлек болып жүр.
«Оля менен асқан жоқ!
Коля маған жеткен жоқ!
Бапкер мақтап соларды
Маған көңіл бөлмейді.



Мен бірінші жетсем де,
Маған диплом бермейді.»

Торығатын болып жүр.
Өзін-өзі кіналап,
Өз-өзінен қорынып
Қамығатын болып жүр.
Таяғыма сүйеніп
Бардым тренеріне
Ерініп өзер сөйлейді
Астамшылығы көріне:

«Бөлектейтін мен емес
Неге пәле жабасың?
Су спортын көктеткен
Көрмедім қазақ баласын!
Қазақша диплом жөне жоқ
Қайтесің босқа таласып?
Біраз ермек қылған соң
Кетеді бәрі тарасып.
Спонсорың жөне жоқ
Көмектесер жаны ашып.
Сөз қысқасы, мамаша,
Босқа басты қатырма!
Қайда барсаң сонда бар
Арыз айту хақында.
Сенің сөзің кім тыңдар,
Мен қаласам шынымен
Балаң мүлде кетеді
Осы міне, жақында!

Естіп мұндай «үкімді»
Жүрек оттай жанғаны-ай.
Көңіл шіркін қалғаны-ай.
Өректіген өжеттік
Шайнауда қалған бармақ-ай!

Сездірмедім ұлыма
Сені қайрап жүр дедім.

Егер саған сенбесе,
 Намысыңды біл дедім.
 Сенен асқан жүзгіш жоқ
 Ал, қара да тұр дедім.
 Дәлелдесең ұтасың
 Өмір лотереясын.
 Шегінсең-ақ құртасың
 Мазаққа қалар өз басың!

Қайрап салар қиынға
 Намысыма бағайын.
 Кеудеңе, сенің, ұлым-ау
 Үміт отын жағайын.
 Көп көрерсің өмірде
 Мұндайлардың талайын.
 Мұқалмай да мүжілмей
 Өріге көз сап қарайын.

Ататын таңнан үміт күт
 Алтыннан соғып сарайың.
 Сабырдан болсын сауытың
 Биікте болсын бар ойың.
 Азамат болып ер жетсең,
 Сүйініп саған қарайын.

Өкең мақтан тұтарды,
 Анаң мақтан тұтады.
 Бұл өмірде, қалқам-ау,
 Күрескен жандар ұтады.
 Өмірдің таңдап ағысын
 Жүзе алмаған пендені
 Қақпақылдап көп толқын
 Жаңқадай етіп жұтады.



ӨРІ ИТЕР ДЕ БЕРІ ЖЫҚ

Оны тап та, мұны әкел
Қиындатып бағады.
Ана жүрек жол тапқыш
Сұрағанын табады.

Өр сапарға өзі ақша
Төлейтұғын заңы еді.
Біз байғұста қанша бір
Жинаған қор бар еді?

Балаға салған депозит
Теңге ауысып, құрыды.
Жоқшылық езіп, жүйкені
Үзгендей ме жұлпынды?

Өрі итер де бері жық
Белгісіздікке құралған.
Бұл заманда зор ерлік –
Аяғына тұра алған.

АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІС

«Құрамаға алындым,
Аттанамыз Қырғызға.
Сапарға ақша мол керек
Алшы, мама, қарызға.»

Ақталып ана тілегін
Дипломмен оралды.
Жеңісіне алғашқы
Көрші-көлем қуанды.

Сипалап көріп медальді
Дос-жараны құп алды.
Өзі барып жеңгендей
Әкесі ерек жұбанды.

СПОРТ ТҮРІН ТАҢДАУ

Жерден жеті қоянды
Жалғыз өзі тапқандай.
Әкесі кірді айқайлай:
– Қуана бер, мамасы!

Көзі түсті балама
Тренердің керемет
Квочкин «құда» түсіп тұр!
«Футболға әкел балаңды
Тынысы кең, сирақты».
Болашағына сеніп тұр.
Тез киіндір баланы
Жүрегім менің сезеді
Бір жақсылық күтіп тұр!

– Аптықпашы. Қоя тұр.
Салқын сабыр. Сап ақыл
Ақылдасып алайық
Асықтырмай тұра тұр.

Футбол деген – команда.
Қанша талант болсаң да,
Командалық есепке
Альнар жеңісің әманда

Үлкен спорт жолында
Үлкен болар шығын да.
Ала шаң болып, доп қуып
Жеңістің жүру соңында.

Бөрінен де қиыны
Жарақаты көп соның.
Шыққан. Сынған. Қорқамын
Бөрінен сол қиыны –
Сөзімнің осы түйіні.

Бибігүлдің қызы еді
Мариямгүлдің өзі айтты.



Әйгілі спорт шебері,
Футболшы ең өнерлі,
Сейдолла ше кәдімгі?
Сол Байшақовтың әйелі.
Осы сөзді сол айтты:

Жарақаты көп спорт
Мысалменен келтіріп,
Ұзақ сөйлеп отырып,
Қорқынышты кеп айтты.
Уайым-қайғы жеп айтты,
Құдай қақты деп айтты.

Ойласайық балам-ау,
Сенен жаным садаға-ау.
Әкеңнің көр аяғың,
Менің де тұр таяғым.
Сүйек ауру біздегі.
Өмірің жайлы ойласам —
Ішкен асым батпайды.
Сақтансаң — құдай сақтайды.
Сенен жаным садаға-ау,
Өзің ойлан, балам-ау.

Таэквондонды қолдаман,
Тура соққы ол саған.
Жауың тұрар алдында
Намысыңды «қорлаған».

Су спорты қол маған.
Өзінді өзін «апасың»
Бүгін мынау көрсеткіш,
Ертең одан асасың.

Жүзген сайын «жетесің».
Шырқап шыңға кетесің.
Шынығасың.
Шыңдайсың.
Көрсеткіштің көкесін!

Ойым осы, қарағым.
 Өзің кесіп-піше ғой,
 Ақылыңмен шеше ғой.
 Айтсам сөздің төтесін –
 Арман менде біреу-ақ,
 Саған қарап ұлдарын
 Жүзгіш етсе деп едім
 Қалың орман қазағым.
 Ойым осы, қарағым.

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ

Табиғат өз заңымен
 Сұрыптайды екен ғой.
 Нәренжік туған пендесін
 Құрықтайды екен ғой.
 Құралай туған кезінде
 Бекерден бекер бұл дала
 Суытпайды екен ғой.

Тәуекелге бел буған
 Киік ана безілдеп,
 Өлсіз, пала туғанын
 Жуытпайды екен ғой.
 Тек асылын қалдырып,
 Табиғат өз заңымен
 Сұрыптайды екен ғой!

Сол талқы кеп бізге де
 Жұлындарды үзген ед.
 Бас білмейтін асаудай
 Өр нәрсені сүзген ек.
 Түсірмейтін ұйыққа
 Шығаратын тұйықтан
 Сара жолды іздеп ек.

Құралайы киіктің –
 Дәрменсіздеу біздер ек.
 Етек жауып, ес жиып



Тура жолға кез кеп ек.
Баянды еткей бір Алла,
Тәуекел еттік құдайға
Осыны жүрек сезген еді!

АЛЛЕГОРИЯ

«Алла келді, Алла!» – дер,
Өрді-берлі сабылып.
Пугачева өн салса,
Есі кете табынып.

Өдейілеп ұшақпен
Алматыға алдырып.
«Орлекино» өніне
Құлақ құрышын қандырып.

Бұл қазақтан табылар
Мырза жігіт – марқасқа!
Жол кіре іздеп сабылар
Мен сияқты сор қасқа.

«Мың доллар кіру билеті.
Түк те қымбат емес қой!»
Ашқұрсақ елдің келбеті,
Сол ақша бізге елес қой!

Спортты сүйген жалындап,
Танытпақ болып ел атын.
Арық атыңды қамшылап,
Майырыла көрме, қанатым!

ЖҮЗ СЕКСЕННІҢ ІШІНЕН

Жарыста жолы ашылып
Дәурен шықты ту алып.
Ата-ана мәз, достар мәз
Жарыла жүрек қуанып.

Жүз сексендей спортшы
Келген үлкен жарыста.
Бірінші орын еншіліп,
Жеткені зор табысқа.

«PROспортта» жазыпты
Сүйіншіліп сүйініп.
Екі мың бірдің батыры
Міне, азамат, көрші! – деп.

УАЙЫМ

– Шаршап кеттім, ақшам жоқ.
Қоя салшы балам-ай.
Жол кірені жия алмай,
Тарықтырған құдай-ай.

– Мама, сіз де қызықсыз,
Әуелгіде айттыңыз:
Бастаған істі тастама.
Жетпесе күштің-жігерің,
Осынау істі бастама.
Осы сөзбен келемін.
Жоқ жұмысым басқада!
Уақыт зырлап барады.
Спортшының дәурені
Қысқа келер, білесіз.
«Орта жолда тоқтасаң
Бітпейді өмір күресің.»
Бұл сөзім емес, анашым
Өзіңнің сөзің, білесің.

Аз-ақ шыда,
Көп қарман.
Міне, жақын мөреміз.
Жараспайды құр қалған.
Әлі-ақ бәрін жеңеміз!

– Құлыным-ау, күнім-ау
Ақылыңнан айналдым.



Шыға берер тасқындап
Жігеріне қайранмын!

Алма кезек екеуі
Жұбатысып бір-бірін.
Ана-бала демеуші –
Бірі ене де, бір құлын.

СПОРТ – ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК

Таңмен тұрып толассыз
Жаттығулар жалғасқан.
Санап, тергеп секундты
Бүгіннен ертең әрі асқан.

Инемен құдық қазғандай
Толассыз еңбек, ізденіп.
Кітапта тура жазғандай
Жаттығуларды үзбедік.

Арасында қолғабыс
Құрылыста істеп, нан тауып
«Балта шабам дегенше
Жалтарып ағаш жол тауып.»

Турашыл, әділ, намысқой
Ұлан өсіп жетілді.
Ана аңсаған арманды
Орынына келтірді.

Өсе бер, ұлан өсе бер
Бар үмітім өзінде.
Жүректе жалын сөнбесін
Шырағың от боп көзінде.

АЛТЫНДАР

Ыстықкөлде, жарыста
 Дәурен бала ерледі.
 «Қазақтан жүзгіш шықпайды!»
 Деп үкім айтқан тренердің
 Өз көзімен көргені:
 Шәкірті алып төрт алтын
 Көңілін оның бірледі.
 Қуанғаннан бір ыршып
 Шәкіртіне жетіп келгені.

«Жарамайды мұныңыз,
 Қайтыңыз дереу орынға.
 Соқпай тұрып мұрынға.
 Судьясыз, біліңіз,
 Сізді төртіп бұзды деп
 Алып тастаса, біз қайттік?!
 Сабырға салқын салыңыз.
 Орыныңызға барыңыз!»

Депті жап-жас сол ұлан.
 Масаттанып алтынның
 Буына есі кетпеген.
 Арманы – алып бәйтерек
 Түбін оның «сабыр» деп
 Аталар шыммен түштеген.

Өлі де бар деп жарысым!
 Терең алып тынысын,
 Тоқталман осы жеңіспен.
 Түбіне жетем діттеген!!!»

Осыны айтқан жігітті
 Намысты ұлан деп білем!



АБАЙ ЕСКЕРТКІШ

Жыр оқи жиналдық
«Абайдың» қасына,
Ескерткіш Абай тұр
Көз салып жасына.

Жыр оқыр саңқылдап
Өзендей тасына.
Келгендей жарқылдап
Тың ойлар басына.

Ақын тұр байышпен
Көшеге көз салып.
Біз жырға құмартып,
Тыңдаймыз тамсанып.

Әдемі жыр жолы
Көңілге ой тастап.
Нұрланған жүзіңе
Қараймын байқастап.

Содан соң ұлыммен
Сапарда жалғадым.
Аспалы жолменен
«Ауылды» ойқастап.

– Не ұғып, не түйдің,
Құлыным, деп сұрап,
Саналы адам бол
Ұланым, жыр құрап.

Ұрпағы Абайдың
Өзіңсің, құлыншақ.
Шалқар бол көп ойға
Боп өспе ұрыншақ.

Тілегін анаңның
Түй дағы көңілге,
Кір түспей сенімге,
Нық атта өмірге!

ЖАБЫЛҒАН ЖАЛА

– Бір топ бала тұр едік
 Өр нәрсені сөз етіп.
 Бірімізді біріміз
 Мөз боламыз түзетіп.

Бір ағатай келді де:
 Қане, қайсың адалсын?
 Мына бір зат-бұйымды
 Айтқан жерге апарсын.

«Мен, мен» дестік жамырай.
 Ашпақ еді арымыз.
 Аға бізді мақтаса,
 Қуанамыз бөріміз.

Ең ұзыны Мақсым деп,
 Көзі соған түсіпті.
 Тоқтатпадық бірақ та,
 Бірге кеткен Юсупты.

Максим затты апарса –
 Ол наркотик боп шықты!
 «Тасыдың деп наркотик»
 Түрмесіне тығыпты.

Мама, өзім көрдім ғой!
 Қатысы жоқ оған түк!
 Арашаға бармақшы ек,
 Тағы қорқып бөгелдік.

– Дұрыс, балам, сақтанған.
 Сөйлесейін мен барып,
 Неге керек ақталған.
 Жүрмеңдерші топтанып.

Жаттығуыңды жіберме,
 Босқа шаппа уақытты.
 Мақсат қойсаң алдыңа
 Боп өсерсің бақытты.



Содан кейін, не керек
Басталды бір сенделіс.
Дәлелдеуге дәрмен жоқ.
Күнде сылтау, өзгеріс.

Әкесі ұйғыр, шешесі
Қазақ еді жігіттің.
Құтқаруға қауқар жоқ.
Үзілгені-ай үміттің.

Су жаңа спорт киімі –
Іліп алар бұйымы.
Бұл қоғамның қайда екен
Заңмен салар тыйымы?

Нарық келіп қысты деп,
Бұзылғаны-ай пыйғылды.
Екі жүзді аярлық
Алға шықты не қылдық?!

Бес жүз теңге берді де,
Жұмсап жап-жас баланы.
Бес жүз доллар сұрапты,
Молдау айтып параны.

Әкесі өлген арақтан,
Тарығып отыр тамақтан.
Қайдан тапсын ақшаны,
Көмек алар қай жақтан?

Шешесі жатыр талықсып,
Әжесі жайып алақан.
Қарындасы қиқылдап
Булығып қалды тамақтан.

Екпе салды дәрігер,
Стерсті тоқтатты.
Болдық біраз әбігер,
Мұң-зарын кім жоқтапты?

СӨБИ ЖАНЫ – АҚ ПАРАҚ

Көше кезу болмайды,
Айналысса бір іспен.
Бос сенделген оңбайды.
Баланы алда жұмыспен.

Елiктеумен жетiлер
Сөби жаны-ақ парақ.
Үлгергенше ер жетiп
Нашар орта жаман-ақ.

Қылмай таса көзімнен
Перзентімнің сауалын.
Аналық пөк сезіммен
Жауабын тез табамын.

«Жақсы менен жаманның
Парқын барла, қарағым.
Ақылды мен пақырдың
Салмағын біл, қарағын.»

Өмір асу – Асқар тау
Болсын биік мұратың.
Керек сыннан жасқанбау –
Азамат бол, қанатым!

Адам бар да, пенде бар.
Адал болсаң – ар болар.
Адам арлы болмаса,
Жүрген жері жылау-зар болар.

Менттің бәрі кісі емес,
Кездеседі сұрқия.
Ол арлының ісі емес,
Алады тек заң тия.

Балам, түзу жолда жүр.
Достарыңды қолдай жүр.



Жақсы-жаман айырып,
Адалдықты қорғай жүр.

Ала жіпті аттама,
Ата салтты таптама.
Жаппа жала жазықсыз,
Бол тіліңе сақ қана.

Орынсыз іске бармағын.
Керексіз сөзді алмағын.
Шалыс болса қадамың
Шайнауда қалар бармағың.

АР ДЕГЕН НЕ?
деп сұрақ қойған ұлыма

Сен бақыттың құнын түсін, алтыным.
Өмір деген той емес қой шалқып өтер алты күн.
Нені аңсасаң
Соның бәрін жию емес қолыңа,
Дүние деген қолдың кірі,
Ой-қиялдың соруы да!

Арлы болу: қандай қиын күн туса да
Қорғап қалу ар атын
Барлығынан биік қою
Армаң,
Мақсат,
Мұратың!

Арлы атану —
Жан-жағына жүрек нұрын тарату,
Алтын күннің кірпігіне
Алтын ойлар жалату.

Арлы әлемде;
Үяң мінез ару сонда,
Байлық сонда,

Бақ сонда.
 Сене алмаймын
 Сенімі мен
 Ар-ұяты жоқтарға.

Ар бар жерде
 Сүрінсең де,
 Қайта тұр да
 Бәрін баста басынан.
 Қуат берер, арың сүйер
 Қолтығыңнан дем берер.
 Талант болсаң
 Табыларсың
 Сен де алдағы ғасырдан.

БІРІНШІ МҮШЕЛ
 (ана тілегі)

Жарыстарда оза жүр,
 Жүйрік аттай шапқайсың.
 Тең құрбыңның алды бол,
 Жігіт бол ел мақтайтын.
 Өкең менен анаңның
 Ақ тілегін ақтайтын.
 Елдің қамы дегенде
 Еріншек боп жатпайтын.
 Өс, құлыным, өсе бер.
 Батыр бол жау батпайтын.

Көпке басшы, көсем бол,
 Сөйлер сөзге шешен бол.
 Қауіп пенен қатерден
 Қай кезде де есен бол.
 Опа сөзге ұста бол,
 Қысыр сөзге қысқа бол,
 Ақылға дана мыйлы бол,
 Ел-жұртыңа сыйлы бол!



ЫШҚЫР БАУ

Бір баланы көтеріп
Дәурен кіре сөйледі:
«Ышқыр бауы жоқ екен
Ақсақ құсап жүргені.

Кеше көрдім, бүгін де
Бүгежектеп жүгірген.
Не болды деп сұрасам,
Ұстатпайды жүгірмек.

Мама, берші бауырсақ
Өңгімеге бұрайын.
Ышқырын бер дұрыстап
Алдарқата тұрайын».

Тоқсаныншы жылдары
Ауыл қалды жұмыссыз.
Ағылды жұрт қалаға
Нәпақа іздеп тынымсыз.

Бұл да сондай үй екен,
Пәтер жалдап жүр екен.
Есігінде шарбақтың
Бір дәу құлып тұр екен.

Аржағынан қақпаның
Іштен біреу жөн айтты.
Ақталып тұр қыз бала:
«Жұмыста анам, — деп айтты.

Алаң-елең кетеді,
Қас қарая қайтады.
Шаршап өзер жетеді
Жұмыс — жалғыз айтары.

Айттым бәрін анама.
Ұрсып-ұрсып қояды.
Мейлі, әкем келген соң
Өзі ұрып-сояды.

Мына бір тұрған тесіктен
 Шыға қашар, жүгірмек.
 Зар илейді анамыз
 «Дөдет басып кетер» – деп.

Тындамайды бөпеміз.
 Қамаудамыз, не етеміз?
 Рахмет сіздерге,
 Ағай жөне төтеміз.»

Балам тақтай әкеліп,
 Шегеледі тесікті.
 Шешеден төте жіберген
 Боқтауды құлақ есітті.

Жылап жатыр үштегі ұл,
 Бестегі қыз уатып,
 Жетіде, бөлкім, үлкені
 Басу айтқан жұбатып...

Сол бір қиын жылдары
 Елдегі жұрт жұмыссыз.
 Жан бағудың амалы
 Қалаға кеп тынымсыз.

Бағынды Аллам апса игі
 Қалалық болған сөбилер.
 Алматы бауырына басса игі
 Тұрақтап қазақ, әр үйлер.

СОТ

Алты спортшы балдырған
 Бір шкафқа таласқан.
 Шалдуарлау біреуі
 Газ пистолеттен оқ ашқан.

Мәселесі – шинеліс.
 Сотқа дейін сүйреді.



Сенім кетті достардан.
Үмітіміз күйреді.

Ұзақ тұрдық күтумен,
Бірі келсе, бірі жоқ.
Ымырашыл ел едік,
Іс бітетін түрі жоқ.

Ата-аналар жылыстап,
Бас сауғалай бастады.
Басыңа іс түскенде,
Қалар адал достарың.

Қабак шытты біреуі:
«Бар еді деп жиналыс.»
Тағы бірі «денсаулық
Нашар» деді. Қиналыс.

Екі қазақ ата-ана:
«Не десең де, біз мақұл.
Протоколға қол қоям,
Қай үкімге біз бақұл.»

Өзім қалдым. Не дейін?
Көзім кеткен алайып.
Өзгелері самарқау –
Тек баламда зор айып.

Газ питолет сонікі,
Атқан да сол Сапа екен.
«Төк» деген Дәурен кінәлі
Қойылар «айып» осы екен.

Ақтық сүйер пәк көңіл,
Дәлелдеп Дәурен бағуда.
Көніп отыр жас бала,
Сөзі жанға жағуда.

«Мейлі, мама, – дейді балам,
 Ар, адалдық өлмесін.
 Соттайды деп қорқып, бұқсам,
 Болмайды ма ерге сын.

Дегенімнің бәрі шындық,
 Неден жалтақ тартайын.
 Кім әділ де, кім қорқақ,
 Сынап қане, байқайын.»

Арғы-бергі сөз таластан,
 Мынау болды түйгенім:
 Саша бала саябырлап,
 Көбейтіп тұр күйбеңін.

Әпербақан мінезіммен,
 Артық кеттім деп отыр.
 Мінін алып өз мойнына,
 Татулыққа кеп отыр.

Келуімен шешесінің,
 Бар келісім бұзылды.
 Шатаққұмар пенде болсаң,
 Тілің де әр кез ұзын-ды.

«Сотталды» деген жаман ат.
 Болашаққа қиянат.
 Компьютерге кірсе егер,
 Жұмыс табу қиямет.

Виталик пен Руслан
 Дәлелдеп-ақ бағуда.
 Ал Сашаның шешесі
 Түрлі кiна тағуда.

Алты сағат айқастық,
 Бұл жалаға көне алмай.



Пөле қуған кісінің
Сөзі де көп, ой Алла-ай!

Бәрін кетті қазбалап;
Ұстаздар да кінәлі.
Кіналы екен барлығы.
Тек дәлдігі жоқ әлі.

Ойлаушы едім – бұл мектеп
Талантты ұлан ордасы.
Отанымның даңқын сол,
Ұландарым қорғасын!

Кірді төккен аямай
Спортшы екен анасы.
Суын ішкен астауға,
Түкіргенін қарашы?

Мәселе сол көкірек
Керген «спортсменде».
Тыңдата алмас сөзін тек,
Мен сияқты шерменде.

Кәріс, орыс – екі дос,
Ата-анасы қасында.
Солар қорғап қалды ғой
Дәуренжанды, расында.

Бітпес даудың қасында,
Қан қысымым басымда.
Көзім қалды көр болып
Қорқыныптан, басында.

Өрі итер де, бері жық.
Бітпейтін бір пәлекет.
Көзім көрмей мен тұрмын
Істей алмай әрекет.

Сонда мінді апуға,
Русланның әкесі:
– Болмайды енді тосуға
Дәрігерді шақырт! – деп.

Тез аяқтап «соттауды»
Потоколдап бекітті.
Босқа кеткен уақыт пен
Денсаулығым өкітті.

СЕН МҮСЫЛМАНСЫҢ

– Бардым, мама, кафеге
Виталик досым шақырды.
Құттықтауға бір мені,
Көп қонақтар отырды.

Кореядан келіпті
Жақсы төтей, ағайлар.
Айтты лебіз қатырып,
Тәуір ойлар, көп ойлар.

«Дін жоқ дейді сіздерде,
Жарамайды мұныңыз.
Дін көкесі біздерде,
Біздің дінге кіріңіз.»

Аңыздары көп екен,
Қызықтырып сайрады.
Ақылдасам деп айттым,
Мен өріге бармадым.

«Түрің де ұқсап тұр», – дейді
Қуанды бәрі шын-ақ!
Дәурен жігіт келді деп,
Қол соқты ғой тұрып ап.

Әдемі екен әуезі,
Құлағыма жағады.



Жоқ десем де өуелі,
Барғым келіп барады.

— Тоқта, балам, сабыр ет.
Сен дініңмен туылдың.
Жиналамыз астыңда,
Пайғамбардың туының.

Мұсылман ғой ежелден,
Адам атаң, Хауа анаң.
Тармақталған көп діндер,
Кейін келіп жамалған.

Дін туралы айтпасам;
Қателік ол біздерден.
Сұра, балам, мінімді
Түзетуге сөз берем.

Құдай адам баласын,
Өр түрлі етіп жаратқан.
Танысын деп бір-бірін,
Жер жүзіне таратқан.

Айырма бар ділінде,
Жан асылы — мұсылман.
Айырма бар дінінде,
Дін асылы — исләм.

Өр тамырдан таралған
Қарбыз бар да, жеміс бар.
Бірдей болса барлығы,
Онда қандай мәніс бар?

Ата тектен келетін,
Намысты ұлан — қазақсың.
Жанды-жақты жетілген,
Жұрттан асқан ғажапсың.

Ананың ақ сүтімен,
Бойда қаның жаралған.
Имандылық көусары,
Тамырыңда таралған.

Алтын қазық аталған,
Дәстүрің бар, салтың бар.
Қазақ елі аталған,
Тарихы терең халқың бар.

Атаң қазақ ежелден,
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен,
Қорғап байтақ мекенін
Ұрпағына қалдырған.
Ұқ осыны, балдырған!

Қыран тектес қазақтар
Емес олар күшіген!
Жөн осыны түсінген!

Сол корейінді кезінде,
Қыс, боранның көзінде,
Сақтап қалған аталар.
Бауырмалдық сезіммен.

«Дінге кір» деп зорламай,
«Келімсек» деп қорламай.
Жел жағынан пана боп,
Қалқалады қорғалай.

Кең пейілді халқың бар.
Ата дінің, салтың бар.
Күн мерейлі қазақсың
Аппақ жүзің жарқылдар!
Күн де туар алдыңнан
Асқақ үнің саңқылдар!!!



«СЫЙЛЫҚ»

Халық аралық жарыста
Көрсеткіші қарыштап,
«Үлкен сыйлық» алғаны-ай!
Үш центор мен бір шортик
Қапқан екен «қармағы-ай!»

Ыдыс-аяқ сыйлығы –
Қонқайтқанмен «центор» деп,
Екен кімнің бұйрығы?
Күлкімді бастым «тек тұр!» деп.

Жолына қаржы жинадым,
Қарызданып, тіленіп.
Сондағы бізге «қиғаны»,
Осы екен деп білелік!

– Мама, – деді – ұрыспа,
Біреуін бердім орысқа.
Бапкер апай барған-ды,
Сыйға ұсындым, дұрыс па?
Өзің ылғи айтушы ең,
Ұстазды сыйлау дұрыс та!
Ал, мынаны сен ұста!

Мөз болып балам күліп тұр,
Ұрыспасымды біліп тұр.

Қарға менен күшіген,
Алған жемін басып жер.
Ақсұңқар – құстың асылы,
Алған жемін пашып жер.
Айналасын рыза етіп,
Терген дөнін – нәсіп дер.

Еңбекпен тапқан сыйлығы,
Алғаш үйге кіріп тұр.
Аналық ақ жүрегім,
Қуаныштан еріп тұр.

Шүкір, Аллам, бұған да,
 Көктен көзің көріп тұр.
 Мақтанғаннан көз жасым,
 Алқымыма келіп тұр.

Содан соң кетті жарыстар.
 Жарыста не тұрыс бар?
 Жеңістерін ұлымның
 Бағалаған жарыстар.
 Нық сенімін өмірге,
 Тағалаған жарыстар.
 Павлодар, Алматы,
 Қарағанды, Астана,
 Атырауы және бар.
 Теміртау мен Ташкенттен
 Алған екен медальдар.

Алтын, күміс, қоласы –
 Отыз үштей шамасы.
 Көрініпті қарасы.
 Дипломы бір альбом.

Газеттер жазып шулады,
 «Жас Алаш» пен «Азамат»,
 «Ана тілі», «PROспорт»
 Жарыса жазып толғады.
 «Караванда» тізбелеп
 Жазған мақалалары
 Су спортын дәріштеп,
 Шеберлігін шыңдады.

ЛЫНБАЙ ҚАЛҒАН ИНТЕРВЬЮ

Қызық жан екен анасы
 Тосылмайды жауапқа.
 — Иә. Жүзем, — деп күлді
 — Балта құсап бірақ та.

«Жүрегі шоқтан жаралған,
 Қанында намыс таралған.



Елі үшін еңбек еткендер
Жетелеп алға ізгі арман. –

Сұрау салып бұл апай
Бапкерлерге алғашқы.
Ізеті күшті, япырмай,
Қайта тауып алмақшы.

– Сондай бір лек болатын.
Қанатын кең жаятын.
Өзі аш жүріп, шәкіртін
Қиынға қайрап салатын.

Қайда екен, қайда жігіттер?
Жалындап жанған үміттер?
Халық атынан рахмет!
Дерегін, – дейді, – біліп бер!»

Ақкөңіл жан әкесі
Алғыс, бата төгілген.
Аузын ашса, жүректен
Ақ ниеті көрінген.

Жаны қалмай ұлына,
– «Қүдіретім!» – менің дер.
Міне, дейді медальдар,
Кел, көріндер, көріндер!

Жоқ екен тек жүзгішің,
Өзі үйде көп тұрмайды.
Анда, мында, жарыста
Табаны тимей зырлайды.

Кейін қайттық нәумез боп,
Жолыға алмай балаға.
Бақ тілеген біздерге,
Риза боп ата-анаға.

ИРАН БАРЫП

Иран барып, тау асып,
Халқаралық жарыста.
Дәурен шықты қол бастап,
Елдің туын ол ұстап,
Бес құрлықтан жүзгіштер
Келген екен жиналып.
Решт деген қалада
Күш сынаспақты ойға алып.

Қазақстан қоржыны
Төрт алтынмен олжалы.
Жеңіспенен оралды
Қапы қалмай бұл жолы.

МЕН ДЕ ЖЕҢДІМ ТАҒДЫРДЫ

Жиырма екі жыл балдақпен,
Қандай жерге бармақшы ем?
Тастадым, балам, таяқты,
Жеңісің маған алғапқы ем!

Таяқпенен достасып,
Бастан өтті-ау жеті ота.
Өр жолы іштей қоштастым,
Сені қимай, ақ бота.

Бақұлдасып, қоштасып,
Кеткеніммен, ботам-ау,
Тілеуіммен өмірге,
Қайта оралып жатам-ау.

Қытай барып емделіп,
Москваны көрдім мен.
Жер өлемді аралап,
Ираннан алтын алдың сен.

Мен де жеңдім тағдырды,
Сен де жеттің сертіңе.



Аятқа адалдық жігіттің,
Даңқ қосар көркіне!

Спорт – жолы өрліктің.
Өрге қадам баса бер!
Спорт – жолы ерліктің.
Арман шыңын аса бер!

ҚИЫНШЫЛЫҚ ТЕҢІЗІН

Құралайдың суығы,
Қарып өткен ұрпақсың.
Қиыншылық теңізін,
Жарып өткен ұрпақсың.

Өзіңді өзің қайраумен,
Алып өткен ұрпақсың.
Арманыңа самғаумен,
Ел есінде қалмақсың.

Көгілдір тудың астында,
Арманға биік самғапсың.
Намысыңды бастырма,
Биіктен көрін, ардақтым!



Екінші бөлім

ЖҮРЕКТЕГІ АЛМАТЫ





АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ

Қарсы алып жолаушыны,
Жол сілтеп тау шыңына,
Тұғырда асыл бабаң
Қамшымен ұмсынуда.

Үш жүздің басын қосқан,
Мәңгі ел боп біріксін деп.
Жоңғардың жолын тосқан,
Жау белі үзілсін деп.

Нық сөйлеп, жол көрсеткен,
Үлгімен бір жосындай.
Ұлы жол торабында,
Хан бабам тұрды осындай.

Өлеңге сыймас бейнең,
Айбарлы Хан Абылай!
Жол сілтеп ұрпағыңа,
Хан бабам тұрпы осылай!

«ҚАЗАҚСТАН» ҚОНАҚ ҮЙІ

Есімде, жетпіс үште,
Студент кезімізде.
Басталды шоң құрылыс
Бәрі де таңсық бізге.

Ең алғаш зәулім сарай,
Бой созды шыңға қарай.
Адамдар тандай қағып,
Өте алмас таңырқамай.

Жиырма бес қабат дейді?
Япырай, қалай пыдар?
Тоғыз балл сілкіністе
Бір сәтте дейді құлар!

Сәулетті, сәнді болды,
Алматы төжіне ұқсап.
Меймандос қазағымдай,
Қонақ үй жайды құшақ.

Содан соң талай үйлер,
Зау биік, сәулеттісі.
Бірақ сен ең тұңғышсың!
Қымбатсың, әуелгісің!

ГҮЛГЕ ОДА

Жарқыраған, жайнаған
Гүлге толып айналам.
Жұпарына мез болып,
Шыр көбелек айналам.

Күн нұрына балқыған,
Шырқал, шырқал алтын өн.
Иісі жұпар аңқыған,
Гүлдерде ойым шалқыған.

Мақтанамын, мез болам,
Алматым гүлге оранған.
Гүлге ғашық бұлбұлдай,
Таңменен бірге оянам.

АЛМАТЫ НӨСЕРІ

Дүркіреп жауып нөсерің,
Күркіреп құлақ кесерің!
Селдетіп өтті. Шараң не?
Малмандай су ғып есерің!

Шопынды өткен жосыннан
Жауып ап гүлдер қауызын.
Жосынға қарап жосылған
Ашып тұр бүрлер ауызын.



Әбігер етіп әп сәтте
Өтті де кетті өткінші.
Алматым шаңын сілкіді.
Тазардым мен де деп білші!

Тамаша ғой табиғат
Өзін-өзі тазалар.
Саф ауаны сыйлайтын
Бораны бар, қары бар.

Тамаша ғой адамзат
Табиғаттың нұрындай.
Таусылмайды сөз саған
Нәсерлеген жырымдай!

ТРАМПЛИН

Трамплин – мақтанышы елімнің,
Қолдаушысы, қорғаушысы сенімнің.
Қазақ даңқын аспанға бір көтердің,
Көркі де өзің спорттағы төрімнің.

Тандап сұлу Алатаудай баурайды,
Табиғатың көздің нұрын жаулайды.
Қанат байлап ұшқандай-ақ өзіңнен
Шаңғышылар рекордпен заулайды.

Әсемдікке, сұлулыққа құмармыз.
Жанкүйер боп қолды соғып тұрармыз.
Соңғы үлгімен соғылған бұл кешпенді
Жат жерлікке бір мақтаныш қылармыз.

АЛМАТЫ ЦИРКИ

Дөңгелек бөріктей боп,
Төріме қона қалған.
Ат шауып, аю билеп,
Күлкіге қарық қылған.

Сиқыршы көзіңді арбар,
Төбеңнен қалқи ұшып.
Сәбилер таң қалады,
Ауыздар аңқиысып.

Атпенен ойнақ салып,
Қазақтың жігіт жағы.
Теңге ілу, садақ ату –
Өнерде озық бөрі.

Одақта оқ бойы алда,
Шын шебер Мұтырғанов.
Есебін өзің толтыр,
Сан жылдар ұтылғанның.

«ҚЫЗЫЛ ТАҢ» ҰЛЫ «ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ»
тарихи дүкен

Батыс пен Шығысыңның
Арасын жалғастырған.
Сауда жол – жібек жолы
Тауарды алмастырған.

Өнер мен өркениет
Ауысып бір-біріне,
Көргенін жыр ететін
Тарасып елді-еліне.

Күре жол бойындағы
«Қызыл Таң» үлкен дүкен,
Шығыстық салт-дәстүрді
Қазықтай ұстар бекем.

Көненің көзін көрген
Халқына – қызметі.
Құлпырып жаңа сәнмен
Шақырып тұрар «кел» деп!



ҚАР ЖАУЫП ТҮР

Аспан жерге жақындап қалғандай ма?
Жер аспанға жетуді армандай ма?
Апшақ өлем. Нұрлы өлем арасында,
Апшақ қарлар қалқиды баяу, майда...

Көкжиек жоқ. Табиғат шекарасыз.
Өмір – қиял. Бөлінбес екі арасы.
Дәл қазір табанды сәл көтерсеңіз
Ақ мамыққа айналып кете аласыз!

Себезгілеп бір өуен көкіректен
Не деген күй жанымды тебіреңткен?!
Ақ мамық жер. Ақ мамық жан дүнием.
Қандай хабар келіп тұр Құдіреттен?
Апшақ өлем...
Нұрлы өлем...
Дүние кең!

АЛМАТЫМ – СҰЛУ ҚАЛА

Алматым жасыл қала
Тал-терек бөріктеніп,
Жаз келсе жас арудай
Кетеді көріктеніп.

Күн ара жаңбыр жауар
Жел бұлтты қуып келіп,
Жүгіргің келіп тұрар
Балақты түріп келіп.

Алматым, ақ арудай
Монтаны мөлдірейді.
Таңғы ауа діріл қағып
Еркелей елжірейді.

Қап, мына машиналар
Таң атпай зырылдаған.

Өмір-ай, асығыстау,
Қайырылып бұрылмаған.

Қаланың сөні шығар,
Тізілген оқтай көше.
Көркіңе сүйсінумен
Жыр жаздым неше-неше.
Алматым – сұлу қала

ЖҮРЕКТЕГІ АЛМАТЫ

Машина шуылдары
Алматы гимніндей.
Ағылған көліктерің
Өзеннің иіріміндей.
Көңілді бұзды нілдей.

Жұлдыздай ағып өткен
Машина шамы ма екен?
Шапшаңдық неткен өктем
Жасқанып тұрғаным ай,
Ойлардан өткен-кеткен.

Тосыннан тап болғандай
Қаланы қызықтадым.
Шапшаңдық ғасыры ғой
Қиялды тұйықтадым,
Жүрекпен ұғып бәрін.

ОРТАЛЫҚ СТАДИОН

Стадион, стадион
Жарыстар мекенісің.
Айқайға құлақ тұнған
Шабытың көтерілсін!

Футболды тамашалап
Қопандап мез боласың.
Гол соқса біздің «Қайрат»
Қалпақты көкке атасың.



Өкініп «өттен!» дейсің,
Жеңілсе, аһ ұрасың
Бір голы асып кетіп,
Мақтанар қарсыласың.

Намысты қолдан бермес,
Қайдасың, ұландарым?
Жігерді жанысыншы,
«Ұлт» деген ұрандарың!

АЛМАТЫДА БИЫЛҒЫ ҚЫС ҰЗАҚ

Алматыда биылғы қыс ұзақ тым.
Көңілімнің өйнегінде сызат-мұң.
Тіршіліктің тағы да бір тәулігін
Ешнәрсені тындармай-ақ ұзаттым.

Терезеге ана көңілім алаңдап.
Баласының жолына отыр қарайлап.
Сәл көрмесе, сағынатын жүрек-ай,
Көргенінде шыға келер атойлап.

Келші, ботам, көздерінде от ойнап.
Мендегі бір жайнап кетсін арай бақ.
Шам да жақтым, тамағыңды ысыттым
Жетші, ботам, жүзің сенің гүл жайнап.

Күн түнерсе – жауып тынар түбінде.
Кім болжаған болашақты бүгінде?
Ана жүрек тек өзіңе сенеді.
Жаман адам боп шықпассың түбінде.

АЯЛЫ АЛАҚАНЫҢ (Алматықонақ үй.)

Бұл – көше өзім көрген,
Қонақ үй – сан түнеген.
Алысқа кетсем болды,
Сағыныш сәтте үдеген.

Еске алып Қасым жайлы,
Қуанып келдім бүгін.
Үй алдым басыбайлы
Алматы тұрғынымын!

Алматы ару дейді,
Ақындар теңеу іздер.
«Алматым – анам» деймін,
Еркелеп өстік біздер.

Табанның табы жатыр
Ұлымның, өзімнің де.
Аялы алақаның
Маңдайда сезілуде.

Алматы құшағыңда
Шаттанып күлемін де!
Еркелеп дәл осылай
Өзге елде жүремін бе?
Басқа елде жүремін бе!

АЛМА БАҚҚА АЛМА ТЕРЕ БАРҒАНДА

Алма баққа алма тере барғанда,
Жұпар иісі бұрқыраған бар маңға.
Алма толы қап көтеру Дәуренге,
Күш боп түсіп, бұқпантайлап қалғанда.

«Бөпемді алып қыдыртам, – деп, – великпен».
Сылтау айтқан түсе сала көліктен.
Қашып кетті әкесіне сілтеп қол.
Әй, Дәурен-ай, жалқау болдың неліктен?

Мейлі, мейлі қыдырта ғой бөпенді.
Еркелікті атаң-анан көтерді.
Өмір сені еркелете бермес-ті
Балапаным, ойлап қойшы ертеңді.



АЛМАНЫ САҒЫНУ

Алма. Апорт. Жұпар ісің бұрқырап,
Алма теріп шулап жүрміз шұрқырап.
Бұтаға ару қолын созар бұралып,
Жігіт жерге бір отырып, бір тұрад.

Алма деген алтын күннің нұры ма?
Мұндай теңеу айтылған-ды бұрын да.
Менің көзім күн – алманың нұрында,
Сенің көзің шұбатылған бұрымда.

Қол созамыз күн – алмаға таласып,
Күннің нұры қанымызға тарасып.
Алматыда, алма бақта жұпарлы,
Өн шырқадық өзіліміз жарасып.

Алма бақта өсем өзіл тасталды.
Алма бақта біздің достық басталды.
Әлі күнге жазылмады жұбымыз,
Таң қалдырып біздің достық жастарды.

Сол сәттерді сағынышпен еске алып,
Сырға түйіп, өлең жазып тастадық.
Алматының алмасын-ай ал қызыл
Алма баққа тағы да жол басталық.

АЛМАТЫНЫҢ ОТЫ

Арбайды көзді арбайды,
Мың қиялды қозғайды,
Түнгі оттарың, Алматым.
Мың арманың қоздайды.

Сұлу қала өзіндей,
Қай мекенде бар дейсің!
Күндіз күлген сезімдей,
Түніме ұйқы бермейсің.

Талай қонақ таңдайларын қаққылар.
 Өнеріңе, өрнегіңе тақ тұрар.
 Өлме-өлме қазағымның өнері
 Маңдайлы ерге әрқашан да бақ тұрар!

КҮЗГІ БАҚ

Күзгі бақ.
 Жамылған жапырақ.
 Табиғат қымтанып бағуда,
 Салқындап, тоңазып топырақ.

Күзгі бақ.
 Жапырақ қалтырап,
 Теңселіп сабақта аз тұрад.
 Өне-өне найзағай жарқ етті.
 Аспанның кеудесі қақырап.

Күзгі бақ.
 Жемісі жиналған.
 Қыс лебі еседі бар маңнан.
 Сақтай гөр, Тәңірім пендеңді
 Күзгі жел өтінде қалғаннан...

МЕШПТ

Ұзақ жүріп құрылысы
 Бітті бұл да ақыры.
 Мен мұңдалап жарқырап
 Күмбезінің алтыны.

Сондай сұлу ғимарат
 Көз тоймайды қарасаң.
 Азан үні нұр құяр
 Жүректерге орасаң.

Дін исләм, ғибадат
 Санамызды тазалап,
 Қауышып қайта жатырмыз
 Рухымызды жаңалап.



КАФЕДРАЛЬНЫЙ СОВОР

Мұражай-ды мен алғашқы көргенде.
Сәулетіңе теңдесі жоқ көрме едің.
Қайта өзгеріп шіркеу атыңды алыпсың,
Тағы айналып бір көруге келгенде.

Шіркеу болсын, көрме болсын – сәнді үйім.
Көруіңе, кіруіңе жоқ тиым.
Тамашала, жан сезімге ләззат ал,
ЮНЕСКО-ның қорғауында бұл бұйым.

Бір шегесіз тек ағаштан қиюлап,
Салынған-ды сөндеп, гүлдеп, оюлап.
Талай селден, жер сілкіну тоғыз балл
Аман қалған шебер қолың, қадірлі-ақ!

Айналасы жас аналар, көгершін.
Балақандар, кептерге дән төгерсің.
Ұйып тұрған тыныштыққа тамсанып,
Бейбітшілік, барша жұртқа тілерсің!

ОРАЛ ТАҢСЫҚБАЕВ СУРЕТШІГЕ

Қалаң осы. Зәулім үйлер, бағы бар.
Есерткіші, сәулеленген шамы бар.
Табиғаттың тамашасын қарауға,
Уақыт таппай неге адамдар жанығар?

Таңсықбаев, қыл қаламның шебері.
Тылсым сырды соның көзі көреді.
Жапырақтар, ақ қайыңдар, тіпті тас
Картинадан өзі сөйлеп береді.

Суретшінің қиялының жануын,
Ақ қайыңдар – ақ балтырлы аруым.
Алматымның көшелерін сәнді етіп,
Қарашы өзін – тізбектеле қалуын?!

Жастарым, жарқын күлкілі,
 Бас алмай оқыр кітапты.
 Қояды түнде ұйқыны
 Өзендей селдеп жыр ақты.

ҚАЛАНЫҢ ТҮНГІ ШАМЫ

Қаланың түнгі шамы
 Кірпікте қамасады.
 Жыпылық қағып қана
 Жымындап қарасады.

Тып-тыныш көшелерде
 Қозыдай тізілуі-ай,
 Қаланың түнгі шамы
 Қыз кірпік үзілуі-ай.

Көшеге сәуле сыйлар
 Жолыңды көрсетеді.
 Азырақ аялдашы,
 Тоқташы, нең кетеді...

Азырақ сырласайық,
 Тамаша дала қандай?
 Сәулелі түнгі шамдар,
 Бақытқа жаралғандай.

Қаланың түнгі шамы –
 Жол сілтер шырақтарым.
 Қаланың түнгі шамы –
 Көңілде тұрақтадың.
 Қаланың түнгі шамы...

ЖАҢБЫРЛЫ КЕШ

Жаңбырлы кеш. Алматымның көшесі.
 Кеше жауған. Бүгін өзі нешесі?
 Бір жауғанда жұма аудармай тоқтамас,
 Жазылмаған заңы ма өзі, о несі?



Жылы жаңбыр. Көңіл кірін жуып-шөй.
Жүрегімді жыр тербесін қалықтай.
Жөйлі жүріс машинада маужырап,
Төтті ұйқымды шақырады мамықтай.

Жаңбыр, жаңбыр. Тамшы, тамшы, тамшылар.
Жаңбыр жауып, көше кірден аршылар.
Жерді жуған, көктен түскен әр тамшы...
Жаңбырдың да өз тылсымы бар шығар....

АТАКЕНТ

Ауыл шаруашылық өтіп жатыр көрмесі.
Табыс, табыс. Молшылық, жоқ теңдесі!
Биылғы өткен көрме ересен жемісті.
Елімнің бір көтерілді еңсесі!

Томпаң қаққан ұлын ерткен әкесі,
Есіне алып, айтып жүрді әрнесін.
Былдыр қағып балдырған да «сөйлейді»
Механизатор болам дей ме, не дейді?

Әс, жас ұлан, әке үлгісін сен ұста.
Еліңді алға жетелей бер табысқа.
Атакентте тілің алғаш шыққан ед,
Қыран көзбен қарап әспі алысқа!

«ШЕБЕР АУЫЛ»

Киіз үйін тігіп тастап аңғарға,
«Шебер ауыл» балға шындап тандарға.
Қазағымның салт-дәстүрін ардақтап,
Кім бар екен жетер сендей жандарға!

Алатаудың бөктерінде мекендеп,
Ел өнерін елге жақын етем деп.
Дәркембайдай ұлтын сүйген хас шебер,
Жастарыма сені үлгі етем тек!

Мейлі, өзге ұлт бауырына басып ап,
 Өз суретшім деп атыңа талассын.
 Суретіңнен қазақ иісің аңқып тұр,
 Сенің даңқың ғасырлардан әрі ассын!

ҚАРБАЛАС ҚАЛА ТІРЛІГІ

Қарбалас қала тірлігі
 Адамдар нөпір ағылған.
 Сиқымыз осы бүгінгі
 Өрлі де берлі сабылған.

Не тынып жатыр, не бітіп
 Асығыс, бөрі асығыс.
 Біреулер үйге, біреуін
 Күтуде шығар бір жұмыс.

Троллейбус, трамвай
 Бөрі де толық, ой, Алла-ай!
 Кешіктім білем, автобус
 Аялдай кетші, аялдай.

Алақтай қарап мен тұрмын
 Діттеген жерге жете алмай.
 Қарбалас қала тірлігі
 Іс бітпес жүрсең жаяулай...

Алматым, көшең сәнді, қалың талды.
 Жас жаным өзіңе кеп қанаттанды.
 Көсілген өмір дария – кең даңғылдай.
 Балалығым бұтаңда бұғып қалды.

Көшеңде жағам жайлау жүргенім-ай,
 Достармен жыр оқыған түндерім-ай.
 Жаяулап, өнге басып, думандатып
 Түсетін Көктөбеден түндерім-ай.

Алматым, мен есейдім, сен жасарып,
 Барады уақыт шіркін қиялды алып.
 Зәулім үй Алатауға созсын мойын
 Тек арман қалмаса екен аласарып.

Үшінші бөлім

БАБАЛАР ӨСИЕТІ ЖҮРЕКТЕ



ҰЛЫМДЫ ҚАЙРАУ

Сен қазақсың, тарихы сан ғасырлық.
 Жаратылыс сұрыптаған асыл ғып.
 Сенің атаң жауын сөзге тоқтатқан
 Ал батыры жай тасындай – батыл, нық!

Қажымұқандай алып атаң аңқылдақ,
 Өзтүріктей ағаң шыққан жарқылдап.
 Қазақ осы дүниені таң қылған,
 Мирас болғай солар мінген алтын тақ.

Жер қайссын көптігінен досынның.
 Жырларындай аңқылдап жүр Қасымның.
 Сенің жаман болуға еш қақың жоқ:
 Сынығысың Абай, Мұхтар асылдың!

ТОНЫКӨК ЕСКЕРТКІШІ

Жеткен хаты бабамның, Тоныкөктен
 Тасқа қашап тарихын жазып кеткен.
 «Тізеліні бүктіріп, басты идіртіп»
 Табғаштарды жеңгенін тәмсіл еткен.

Жаужүректік, батылдық серік қылып.
 Қуды жауын жерінен бөріктіріп.
 Мәңгілік ел болмаққа талаптанып
 Жұртын жиған бір туға біріктіріп.

Өсиеттеп ерлікті тұр тағында.
 Он төрт сала жыр арнап нұр таңына.
 Елтеріс қаһан салған сара жолмен
 Ерлік рухы жетіпті ұрпағына.



ӨСИЕТ

Төле биден көңіл сұрай келгенде
Дерек көзі: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 8-том,
Алматы—2006ж

Елдің жақсы, жайсаңы
Осынау бір келісте,
– Ұрпағыңа, Би аға,
Не өсиет айтасыз? –

Деп сұраған Қазыбек,
Көкі би мен Мәлікке,
Өсиет сөзі бабамның
Еліме болар әліппе:

*«Атаға бөлінген адыра қалады.
Руға бөлінген құруға бет алады.
Жүзге бөлінгеннің жүзі қара болып,
Көпті қорлаған көмусіз қалады.»*

Деп, бабам терең тыныстап,
Жастығын түзеп, дұрыстап,
Арманды кеуде көріктей
Түйін сөзін айтты дауыстап:

*«Хан азса – халқын сатады.
Хандық азса – таққа таласады!»*

Бабамның сөзі құран ғой,
Жазылған заңым емес пе?
Жақсыдан үлгі алатын
Өсетін ұлан емес пе?

Ел бірлігі
толғанған
Осынау сөзге сыйып тұр.
Қарлығаш әулие бабамның
Өр тұлғасы биік тұр!

ДАНАГҮЛ

(қыз-қонақ, келін сенің ұрпағыңды тәрбиелейді)
 Дерек көзі: «Төле би» Мұраттас ғылыми зерттеу
 орталығы. Алматы—1991

Атын мініп Төленің,
 Шапанып киіп жөне де.
 «Бейтаныс қой демегің,
 Хат өкелдік», дегенде.
 Ел ағасы жиналып,
 Түсіпті бір келеге,
 – Қандай жауап лайық
 Мына жұмбақ немеге?

Данагүлдей келіні
 Өдеппенен іілген.
 Атасының хатының
 Жұмбағын шешті түйілген.

– «Қалың мал» деп қырық нар
 Сұратқаны Атамның –
 Қырық қарақшы қолына,
 Қапияда кезігіп,
 Пенде болған сияқты.

Үш жүздің Төбе Биі еді.
 Енді Атамды құтқару –
 Елге міндет сияқты.
 Тамам халық жиналып,
 Жол тапсақ ұят-ты.

«Қалың мал» деп сұратқан:
 Қырық құнанша дегені –
 Қырық аптал азамат;
 «Жиырма буыршын» дегені –
 Палуандар ерсін дегені;
 «Сегіз ақбас» атаны –
 Ақсақалды аталар



Олар да келсін дегені.
«Құйма алтыным» дегені –
Мені тұспал еткені.

Екі-үш күндей еру ғып,
Бәрін сайлап алалық.
Мынау екі қарақшы
Жол көрсетсін біздерге,
Алты алаштың биі еді
Атамды құтқарып алалық.

Жауға сырды сездірмей
Алыстан ерсін батырлар
Мал айдаған болып біз
Баралық та жақындап...»

Данагүлдің сөзіне
Келісті бөрі қауқылдап.

Атасына сай келін,
Ақыл сөзге бай келін.
Таң қалдырды жұмбақтың
Шешуін айтып, тақылдап.

Осы сөзге тоқталды,
Осы айламен топтанды.
Мал айдаған аз кісі
Қарақшылар жайлаған
Шөлжұдыққа кеп қалды.

Дүние кезек деген-ді
Қырық ер, жиырма палуан
Қарақшыларды қоршаған...
Тұтқындықтың орыны
Ауысыпты демде енді!

Домбырады екі шек
Бірі асқақ, бірі төмен-ді.
Атасының жұмбағын
Шешкен келін де кемел-ді!

Осыдан біраз жыл бұрын
 Елге билік айтқанда,
 Жер арқасы қияннан,
 Түрікменнен қайтқанда.
 Жол үстінде жолығып,
 Сәлем берген қыздарға
 «Бақытты бол, шырақ», – деп,
 Батасын беріп: – Қарағым,
 Неге бізді күттің? – деп
 Жөн сұраған Төлеге,
 Ынжықтанып өзгесі
 Данагүлге үнілген.

Тосылмады Дана қыз:
 «Алыс жолдан келеді
 Ата менен ағалар.
 Іштерінде бар шығар
 Бізді қорғар батырлар,
 Іштерінде бар болар
 Дауға билік айтатын
 Ел сыйлаған аталар.
 Сәлем беріп, бата алсақ,
 Кесіп өтпей жолынан
 Құрмет етсек деген ек.»

Әдебі мен сөзі ұнап,
 Қылығы мен көзі ұнап,
 Келін етіп айттырып,
 Баулап еді жасынан.
 Сол Данагүл бүгінде
 Шешті атаның жұмбағын.
 Сөз қадірін білетін,
 Өз қадірін білетін,
 Сол Данагүл бүгінде
 Атаның шешіп жұмбағын
 Елден озық көрінген.



Қырық бірдей қарақшы
Бөрін байлап алған соң.
Мойнына арқан салған соң
Төле би бабам сөйлейді.
Кеше пенде, байланып,
Бүгін төрде жайланып,
Лашын құстай түйіліп
Төле би бабам сөйлейді:

– Қырық бірдей қарақшы,
Төле би деген мен едім.
Елдің қамын жеп едім.
Ел торыған қарақшы
Көзің түсті атыма,
Үстімдегі затыма
Өзің кімсің демедің.
Өлтіре салсам бөріңді
Құн сұрайтын елің жоқ.

Бостан босқа қыратын
Өшігіп жүрген жөнім жоқ.
Қырық бірдей қарақшы,
Не өзіңе пайдаң жоқ.
Не еліңе пайдаң жоқ.
Жазаға кессек бөріңді
Қылатұғын айлаң жоқ.
Араша сұрар айман жоқ.

Қырық бірдей қарақшы,
Сен де осы жердің баласы.
Айтатұғын ақылым
Қарақшылық қол емес,
Жөн білгенге – жол емес.
Жол торуды қойыңдар!
Екі қолға бір жұмыс.
Лайықтысын таңда да,
Іргелі ел болыңдар!

Төле бидей бабамның
Ешкімге жоқ-ты қастығы.
Елінің қамын ойлаған,
Азамат ерге достығы.

Сөйлепті сонда сөз алып
Қарақшылардың бастығы:
«Қасықтай қанды қи депті.
Қырқымыздың қайғымыз
Елден ауған бір депті.
Өз ортама сыймаған
Кедейшілік дүр депті.
Екі қолға бір жұмыс
Төле би аға, бер депті.»

Сегіз ақсақал билікті
Ойласып салды ортаға.
Қарақшы аты болса да,
Адамнан адам қорқа ма?
Себепсізден себепсіз
Ер жігіт босқа жорта ма?
Зер салып бақсақ қайтеді
Қарақшы айтқан қолқаға.

Өріден бабам ойлаған,
Кең пішіп, терең толғаған.
Еліне ертіп келіпті.
«Қырық құранды» атанып,
Бір қауым ел боп олар да
Бірі мал бағып, бірі егін –
Өр саладан тауып кәсіпті.
Ел большты нәсіпті.

Төле би бабам қам қылды.
Бөріне қатын әперіп,
Елге айналған нәсіпті.
Тентегін түзеп, телісін
Толтырып шала, кемісін
Төле би бабам бел шешпей
Еңбегін еткен елі үшін.



Алты алаптың баласын
Біріктіріп бастарын.
Тәуке ханның тұсында
Жеті жарғы заңы етіп,
Ата-баба дәстүрін
Орнықтырған ту етіп,
Хан Абылайды жетелеп,
Қайреткер етіп, ұл етіп.

Қазақты байтақ ел етіп,
Ұланғайыр далаға
Қазағымды еге етіп.
Төле би бабам өтіпті.
Бірлік пенен достықты
Біздерге өсиет етіпті.
Ұрпаққа өсиет етіпті!

ҚЫЗЕМШЕК ТАУЫ

(аңыз болған жераты)

Айнадай жазық даламда
Қыземшек тауы мұнартқан.
Ғашықтық жыры жан тербеп,
Сағыныш сазы мұңайтқан.

Өсіпті сұлу бойжеткен
Ақылға көркі сай болды.
Санына жетпес малының
Әкесі оның бай болды.

Жылқышы жас – Жалаңтөс
Өнерге, сөзге шебер-ді.
Түндерде, алтыбақанда
Ғашықтық жырын төгер-ді.

Сұлудың басы айналды
Жастықтың жалын тілегі.
Ақылмен болжап ойланды:
Бай қызын бермес. Біледі.

Сезіміне екеудің
Тілеулес елі қолдады.
Сездірмей қатал өкеге
Келгенше қолдан қорғады.

Бойына бітті перзенті
Зерек қыз енді сасады.
Ел-жұрты білмей тұрғанда
Ғашықтар бірге қашады.

Артынан қуды ағасы.
Аттатпай жетті, шамасы.
Иманы қасым сұлудың
Жүректен кеткен мазасы.

Алладан медет тілеген,
Санасын үрей билеген.
Бір үн жетті құлаққа:
«Етектеп тасты үй» деген.

Абдырап, сасып аруың
Бір етек тасты төгеді.
Шатқалдың бөгеп аңғарын
«Қызтөккен» деген сол еді.

Үлгермеді Зерек қыз
Енді екі етек тас төгерге.
Жетпейді-ау уақыт қашан да
Ашудың алдын бөгерге.

Ағасы жетті ақырып,
Қорғады жары атылып,
Қойсын ба батыр мерт етпей
Байлады лақша қатырып.

Құзға өкелді ашумен
Бауыздай салды жігітті,
Жалынған Зерек сөзі өтпей
Қанжарға ол да ілікті.



Ашумен тоқтай алмаған,
Қарынын жарып сұлудың
Бөпесін алды, оны да
Өткір қанжар ед жалмаған.

Әлі күн таудан үш жолақ
Көрініп тұрар, аңдасаң:
Қап-қара – қаны жігіттің,
Қызылы – ару, ал ағы –
Сәбидің қаны, барласаң.

Сонда да ашу тарқамай
Кесіп ап екі емшегін
Қоржынның екі басына
Сала салыпты тентегің.

Ауылына қайтты сол Терек
Зеректен қалған қос емшек.
Соқтырта желіп келеді,
Ашуы қатты, не демек!

Бір кезде сасық иістен
Басы айналған сол Терек.
Зеректен қалған қос емшек
Саси бастапты, не керек?

Білген соң иіс мәнісін
Лақтырды Терек құлаштап,
Аңыздың арғы түбі – шын!
Рухты кім бар мұқатпақ!?

Естіген елі еңіреп,
Зерегі үшін қиналып.
Екі емшекті мола ғып
Тас үйшіті жиналып.

Құрбаны болып ашудың
Қыземшек тау шошайған.

Мейірімнен ғана жаралған
Қатыгез неге осы адам?

Айнадай жазық даламда
Қыземшек тауы мұнартқан.
Ғашықтық жыры жан тербеп,
Сағығынып сазы мұңайтқан.

АРЫН БИІК ҚОЯТУҒЫН БӨРІНЕН ҚЫРЫҚ ҚЫЗ

Баяғыда. Жаугершілік заманда.
Ерлер жортып. Қазақы ауыл аманда.
Бала-шаға арқа-жарқа, ойнап жүр.
Жау келді де, шауып алды табанда!

Қапы қалып жұрт ұлардай шулады.
Өкініштің уын ішіп жүр бөрі.
Өсіресе ай маңдайлы арудың
Намысы үдеп, ет жүрегі тулады.

Жау әскері таңдап жүріп, балауса
Қырық қызды бөлектеді. Қараса
Хас сұлулар жауға «жар» боп кетпекші
Кім оларға тұрар екен араша?!

Шыбын жанға сая тапшай тарықты.
«Қалайша!? – деп, жас арулар қамықты.
Әкеміз бен ағамыздың жауының
Құшағында кетпекпіз!» – деп налыпты.

«Одан дағы суға ағып өлейік.
Тас маңдайлы тағдырымыз, не дейік?!
Десіпті де, өтініпті жауынан:
– Ақырғы рет суға түсіп келейік.

Туған жерге келе алмаспыз оралып,
Бала күннен асыр салып ойнаған
Өзеніме бір шомылып шығалық
Тазарайық толқынына оранып.»



Депті дағы қырқы қолын ұстасып,
(Табиғат та жылап тұрды қоштасып)
Айырбастап жау құшағын өлімге
Кете барды толқынменен тұтасып.

Сең соққандай меңірейіп табанда
Жау шошынды мынау батыл қадамға
«Қызы мұндай елдің жігіттерінен
Тез қашайық. Елімізге аманда!»

Көктемеде күркіреген қаһарлы
Өзен жазда құрғақ арна қатарлы.
Қырық қыздың қол ұстасқан сүйегін
Қыр басына сол күйінше апарды

Жұбын жазбай қырқын бірге жерлеген.
Тарихы бұл қазағымның ел деген.
Ері түгіл қыздары да намысын
Қиын кезде жау қолына бермеген.

Жас оқырман, алармысың түсіне,
Жезді өңірі сырын бүккен ішіне.
Мақтан етіп мен отырмын жыр арнап
Көз жіберіп намысты ару ісіне.

Қазағымның салты осы өріден:
Арын биік қоятұғын бөрінен!
Сондықтан да жеттік, ұлым, бүгінге
Тарихы бай! Қазағымның жері кең!

ЖАУ ҰШАҒЫН ШИТІ МЫЛТЫҚПЕН АТЫП ТҮСІРГЕН ОСПАН БАТЫР

Ауыл жатыр аңғарында патқалдың,
Кесскілескен кезі еді қызыл мен ақтардың.
Ұшақ ұшты, мез боп сәби жүгірген
Жемі болды-ау содан жауған оқтардың.

Өлсін-өлсін қайта айналып ұшады.
 Бұндай «ермек» ұнағанға ұқсады.
 Киіз үйге тығылса да сәбилер
 Жауыздардан ажал оғын құшады.

Құрықтаған талай тарпаң асауды
 «Шалма тастап, ұстап көрсе жасанды?»
 Оспан батыр шылбыр ұстап шауып жүр,
 Ұшаққа ойлап бір тосқауыл жасауды.

Күлесің бе? Күңірене бересің.
 Қолдан өзге не келерін білесің?
 Бала-шаға қырылатын болған соң
 Тапқан айла – көңіліне демесін.

Оспан мерген тау басына шығыпты.
 Шиті мылтық жең ішіне тығыпты.
 Есерленген сол зұлымды ақыры
 Ұшағынан дөлдеп атып тыныпты.

Солай бабаң,
 жүрекке түк байлаған.
 Кеудесінде намыс оты қайнаған.
 Көзсіз батыр сол бабалар арқасы –
 Жарқын болса бүгін сенің айналаң!

ЕЛУ МЫҢҒА АЛТЫ ЖҮЗ-АҚ САРБАЗБЕН САЛҚАМ ЖӨҢГІР

Бойы аласа. Батыр бірақ жүрегі.
 Омырауды ашып тастап жүреді.
 Елге жайлы. Халқы ханын сыйлайды
 Жау келгенде, жеңін сонда түреді.

Қырып-жойып бейбіт жатқан халықты
 Әскер саны елу мыңға шарықтап,
 Құмырысқадай қаптағанда жоңғарлар
 Қара жердің шаңы аспанды қауыпты.



Қол бастаған салқам Жәңгір, ер Жәңгір
Қан майданда қайсар үлгі салды-ау бір!
Елу мыңды алты жүздей сарбазбен
Атой салып түте-түте қылды-ау бір!

Батыр бабаң он жетінші ғасырда
Жол бермеген жауға кеуде басуға!
Сол батырлық рухы ғой жеткізген
Бағың тұрса осы бүгін басыңда!

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ

Әкесін жоңғар өлтіріп,
Ағасын жоңғар өлтіріп,
Жауына кекті жас бала-ай.
Дәл он алты жасында,
Ызасы бар басында,
Ұрланып кірді қосынға-ай.
Түн жамылып кіріп ап,
Ағасының кегін ап,
Жауын солай төубесіне келтіріп...

Жүрегі түкті жас бала,
Жылқы малға дос бала,
Қабаннан еш сескенбей,
Жыртқышқа ең қауіпті,
Әдіс-айла тауыпты,
Туасы бірге өскендей.
Қабанды жарған мүлт кетпей,
Жүрегі қорқып селт етпей.
«Қабан жүректі Қабанбай» атанды жас бала!

Шағанда болған шайқаста,
Сұрапыл сол айқаста
Атқан жебедей ойқастап,
Ақырып жауға атылған,
Қоғадай жауын жапырған.
Айналайын, батырым
«Дарабоз» деген атыңнан!

Ағынтай досы екеуі
Атойын салып жетеді,
Сасқан жаудың берекесі кетеді.
Қорқағы қашар еңкілдеп,
Жоңғарың кетер желпілдеп,
Адамың не, бөтір-ау,
ат сизектеп кетеді!

Абылай ханға бас батыр,
Қазақтың жерін жауынан
Тазартып берген хас батыр.
Қазақтағы төбе би,
Ақылдасқан Төле би!
Халқы сүйген батыр бабаңды
Балам, сен де сүй!!!

ҚАЖЫМҰҚАН

Ең алғаш күреспен кәсіптік деңгейде айналысып,
өнеріменен Дүние Жүзін мойындатқан қазақ.

Күрестің өтіп мектебін
Петербор деген қаладан.
Варшава, Буэнос-Айрес
Кельнге барып, қараған.
Белдескенін қоймаған.
Бөйгені алды жүлделі
Қажымұқандай алыбым
Жеңілуді білмеді!

Заңына күрес бағынбай
Кеткеннен соң құтырып,
Саркеккидің алыпты
Бас терісін сышырып!

Мекке. Джидда қаласы.
Жиыра бес палуан өйгілі
Қирата жеңіп Мұқаным



Берметті бас бөйгені.
«Адам емес, піл ме» деп
Ел таңданды бір мезет.
Мұқан атына жалғанды
Құрметті атақ «қажы» кеп!

Жетпіс екі жасында
Өнерін елге көрсетіп,
Өзі жиған қаржыға
Бір ұшақты сыйлады
Соғыс өртін басуға!

Бар осындай алыбым!
Мен жырлауға жалықпан
Елден ерек қалыбын!
Атаңа ұқса, жарығым!

ЖИЫРМА БІР

Желтоқсан көтерілісінің батыры Қайрат Рысқұлбеков
21 жасында тұтқындалып, сот алдында
21 күн жауып беріп, Семей қаласында түрмеде
21-інші камерада отырды, 1988 жылы
21- мамырда өлтірілді, 1992- жылы
21- ақпанда ақталды.

Жиырма бір жыл. Жиырма бір жас. Жиырма бір.
Бұла жігер. Ыстық жүрек. Төнің –гүл.
Қайрат ұлым, қазағым деп қасқайған.
Арманы асқақ. Алар асу алда тұр!

Құрыш білек, ойнақшыған бұлшық ет.
Мына дүние жұмбағы көп, тылсым ед.
Қыз бен қызық, білім нұры шақырған
Жиырма бір жас. Келте ғұмыр. Қыршын ед!

Атам деді, құртам деді саванды.
Империя үстемдікпен қарар-ды.

Құлым бол да, ештеңені ойлама!
Осы-ақ болды империя талабы.

Ой-санаңды аршып алып құлдықтан,
Сілкіп тастап жігеріңді тұншыққан.
«Еркек тоқты – құрбандық» деп, қаймықпай
«Ат!» дедің-ау бойда тулап ыстық қан.

Ана мейір, әке пейіл, дос құшпақ –
Арман болды, алыс қалды бұлдырап,
Түрме. Семей. Жиырма бірінші камера
Ерікті алып, есті билеп, тұнжырап.

Жүрегіңде жанып тұрды бір үміт.
Жасымадың төнсе дағы қара бұлт.
Жоғалтып ап, асылдарын жоқтайтын
Қазақ деген қаперсіздеу осы жұрт.

Мамыр келді. Гүлге бөлеп маңайды.
Қыршын ғұмыр. Аяқсыз жыр мұңайды.
Елім деген асыл жүрек тоқтады
Жиырма бірі, жарқыраған май айы.

Асыл ұлан көрде тыныш жатқанда,
Бостандықтың таңы өбден атқанда,
Қазақ елі желбіретіп көк туын
Ақтап алдық жиырма бірінші ақпанда!

Қайрап-жанып жігерімді жасыған,
Жүрегіме ұя салды ғашық өн.
Бостандыққа жетелеген халқыңды
Рухыңа басымды ием, жас ұлан!



АТА-БАБАҢ ЖАТҚА ТІЗГІН БЕРМЕГЕН

Қыз арын қорламақшы болған еңгезердей бес еркекке
қарсы тұрып, қорғап қалған екі бозбала (газеттен)

Алакеугім. Алматыда сұлу кеш.
Көше бойлап келе жатты бір бикеш.
Жөн сұраған екі-үш жігіт тоқтатты.
Түсіндірді. Ойында жоқ алаңы еш.

Алматысы. Өзі өскен қаласы.
Қазақ елі. Өзі туған даласы.
Қап, мына бір келімсектің дандайсып,
Білмейсің деп кекетуін қарапшы?!

Қайдан білген қандай қауіп төнерін...
Дырылдатып сүйреп ала жөнеліп,
Шыбын жанын шырқыратып сұлудың
Моншаға өкеп шешіндіре берерін.

Араша іздеп шырқырайды қыз ары.
Жаның қалай сол сәт шыдап тұрады?
Екі ұлан қыз дауысын естіген
Дәу есікті тарсылдатып ұрады.

Намысты ұлды жас арыстан пішінді.
Көрген жауыз өз әлінше түсінді.
«Балақайлар, ойнап келе қойың», – деп,
Екеуіне ақшаларын ұсынды.

Қиын екен ұят кетсе пендеден.
Мәулен, Айдар мұндай қорлық көрмеген.
Ерді намыс өлтіреді ежелден,
Ақшаңызға сатылмайды ар деген!!!

Олар – емен. Бұлар нәзік шыбықтай.
Нәпсі – аяр, намысты ұлды тұр ұқпай.
Елуді асқан еңгезердей бесеуден
Он алтыда екі ұлан тұр қаймықпай.

«Қаш!» – деп, қызға лақтырды Айдар жейдесін.
Әпкетайы тұт жалаңаш жүрмесін.
Шыға сала көшеде қыз шақырды
Көмек сұрап, салар - салмас түймесін.

– Полиция, қайдасың да, қайдасың?
Тез тап! – дейді құтқарудың айласын!
Бауырларым қалды монша ішінде.
Төбелесті тоқтат! Жүрме жай басып!

Жылдар өтті, рух қашып жүдеген.
Жалтаң қаққан, жалпақтаған үдеде.
Жеке басын қорғалаған сақтықпен,
Бір-біріне қорған бола білмеген.

Қыз шырылы – ұлттың ары, иманы.
Екі ұланның ту ғып ұстап тұрғаны.
Арашаға жарады екі қабылан,
Қабыл болды аталардың арманы.

Оянды деп өр рухым кеудемде,
Өлең туды сол сезіммен бір демде.
Айналайын, қабыланым, қарағым,
Намысыңды берме жатқа, өркенде!

Қазақ осы ардың сөзін сөйлеген.
Ата-бабаң жатқа тізгін бермеген!
Сын сағатта сынға түссе намысы,
Жұдырық боп жұмыламыз біз деген!

Намысты ұлым! Тірегі өзің қазақтың!
Шын сезіндім – мен бұғаудан азатпын!
Оян рух! Сілкіп таста жүгенді
Күнін көкке көтерейік қазақтың!

Маркиза Базарбайқызы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Фамилиясы қазақтың	6
Тірімін!	9
Сөз емес	10
Уылжиды жүрегім	10
Тәй-тәйлап	11
Сермек қайным	12
Дәрігердің үкімі	12
Пәтершілеп-итшілеп	14
Қара, қандай «жүйрікпіз»	16
Тағы құлау	18
Түс	20
Бер, мамамның таяғын!	23
Өз жүрісің, өз ізін болсын	24
Ескерткіш сурет	25
Дәрігермен дауласу	26
Тисе, терекке... Немесе 16-ның жыры	27
Астанасы қазақтың	29
Балабақша үйіміз	31
Екі әжесі, анасы	32
Құлын күлкің кісінеп	32
Қызым да сен, ұл да сен	33
Әке қалды жұмыссыз	34
«Мама, мен де жейінші»	36
Бес тиындық құным жоқ	38
P.S.	40
Ұлымды жұбату	40
Талабың таудай зор болсын!	41
Құралайдың салқыны	42
Өс, ұлан	43
Мойнын бұрап өлтіріп	43
Қауысбай, Қапшағай. Кейқауыс.	46
Іздену	47
Кітапханашының зары	49
Бас асауы бар троллейбус	50
Брюс Ли және Мұстафа Өзтүрік	53
«Елін аңсаған елік бала»	54
Кездесу	55
Бата	56
Ата салтын таптама	57
Уралаған ұландар	58
Еліктеу	58
Су аяғы құрдым	58
Ана мен бала	59
Секундомер	59
Әрі итер де бері жық	62

Алғашқы жеңіс	62
Спорт түрін таңдау	63
Құралайдың салқыны	65
Аллегория	66
Жүз сексеннің ішінен	66
Уайым	67
Спорт – тынымсыз еңбек	68
Алтындар	69
Абай ескерткіші	70
Жабылған жала	71
Сөби жаны – ақ парак	73
Ар деген не?	74
Бірінші мүшел	75
Ышқыр бау	76
Сот	77
Сен мұсылмансың	81
«Сыйлық»	84
Алынбай қалған интервью	85
Иран барып	87
Мен де жеңдім тағдырды	87
Қиыншылық теңізін	88
Абылай хан ескерткіші	90
«Қазақстан» қонақ үйі	90
Гүлге ода	91
Алматы нөсері	91
Трамплин	92
Алматы циркі	92
«Қызыл таң» ұлы «Жібек жолындағы»	93
Қар жауып тұр	94
Алматым – сұлу қала	94
Жүректегі Алматы	95
Орталық стадион	95
Алматыда биылғы қыс ұзақ	96
Аялы алақаның	96
Алма баққа алма тере барғанда	97
Алманы сағыну	98
Алматының оты	98
Қаланың түнгі шамы	99
Жаңбырлы кеш	99
Атакент	100
«Шебер ауыл»	100
Күзгі бақ	101
Мешіт	101
Кафедральный собор	102
Орал Таңсықбаев суретшіге	102
Қарбалас қала тірлігі	103
Ұлымды қайрау	105
Тоныкөк ескерткіші	105
Өсиет	106

Данагүл	107
Қыземшек тауы	112
Арын биік қоятұғын бөрінен	
Қырық қыз	115
Жау ұшағын шиті мылтықпен атып түсірген	
Оспан батыр	116
Елу мыңға алты жүз-ақ сарбазбен	
Салқам Жөңгір	117
Қаракерей Қабанбай	118
Қажымұқан	119
Жиырма бір	120
Ата-бабаң жатқа тізгін бермеген	122

Басуға 17.07.14 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.
Офсеттік қағаз. Әріп түрі “Школьная”. Офсеттік \
басылым. 8,0. Шартты бояулы беттаңбасы. 8,3.
Есептік баспа табағы 774. Таралым 200 дана.

Издательство “Мектеп”, 050009, Алматы, пр. Абая, 143.

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

Отпечатано в типографии ТОО “Дайыр Баспа”.

E-mail: dair_baspa@mail.ru

